

П И О Н Е Р



Н О Я Б Р Ъ

1955 ЖЫЛ

№ 11

АЛМАТЫ


ОКТАБРЬ ТАҒЫ

Сөнді талай жас үміт
Көшті талай жыл — керуен.
Бұл өлкені басты бұлт
Құрды ылғи түн серуен.
Қабағын ашты замана
Ашылды аспан,

атты таң
Қалғып жатқан далаға
Октябрь келіп жақты шам.
Партия өзі ойлады
Қолға қонды Ұлы арман.
Қарақұмды бойлады
Қарағайлы ну орман.
Партия бізді бастады
Соңынан ердік, қостық үн.

Тауларды сілкіп тастады
Қолдары болат достықтың.
Дүбір сап дала жонына
Қопардық соны тыңдарды,
Жалынды ән,
жақсы жыр қалды.

Совхоздың жаңа көшесі
«Октябрь» деп атанды.
«Октябрь» деген сөз осы
Танытар байтақ Отанды.
Аяқтарды нық басып,
Тұрдық бүгін сапқа бір.
Келеді қол ұстасып,
Қызыл тулы Октябрь!
Сырбай Мәуленов.





Коммунистік партия ісі үшін күреске дайын бол!


ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 11
НОЯБРЬ
1955 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 17 жыл.



ВОЖАТЫЙ

Н. Ғабдуллин.

Әңгіме

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Талдырмаш қана аласа бойына шақ тігілген ақ торғын көйлегінің омырауында комсомол значегі бар жап-жас қыз Балқия жаңа оқу жылы басталардан аз-ақ күн бұрын аға пионер вожатыйы боп бекітіліп, орта мектепке келіп түскен бетінде оған бір топ пионерлер жолығып еді.

Машинадан түскен бойда манына біртіндеп үйіріле қалған балалар Балқияға бір кездегі өзі секілді көрініп кетті.

— Сенің есімің кім? — деп сұрады ол оң жағында тұрған қызыл көйлекті, қалың ерінді, сары баладан.

— Тайжан, — деді бала даусын соза сөйлеп.

Балқия өзін таныстырды да:

— Ал, сенің есімің ше? — деп сөзге өзгеден бұрынырақ қосылып тұрған тықыр шашты, тәмпиш мұрынды балаға мойнын бұрды.

— Атым Байжан, — деді тықыр шашты.

Вожатый Байжаннан олардың қай класста оқыйтынын, дәл қазір қайда бет алғандарын білгісі кеп сұрап еді, бәрі де алтыншы класста оқыйды екен, көл басына серуен жасап қайтуға шығыпты.

— Біздің алтыншы класс — мектептегі ең алдыңғы класс, — деп мақтанды Байжан, — өзіңіз әлі көресіз ғой, бізде нешетүрлі өнерпаздар бар.

— Мұның өзі — жақсы суретші, — деп Тайжан оң иығын көтере беріп ыржыйып күлді.

Оқу айының алғашқы күндері өзінің думанымен, қуанышымен білінбей сырғып жатты. Әр оқушының сабақ үлгіру табеліне ұстаз қаламының ізі де түсіп қалды.

Балқия алтыншы класс журналының әр бетін андай ашып отырды. Дәл математика сабағының тұсына жеткенде, бастары иіле қалып екі жерде иміп тұрған екілік цифрына көзі сүрініп кетті.

«Бірі — Байжан, бірі — Тайжан, екеуі бірдей неғып нашар бара алды екен? — деп ойлады Балқия. — Екеуі де жақсы бала еді ғой. Әлде қапыда кезігіп қалды ма? Жоқ, өйтпесе керек...»

Вожатый әуелі сол пәннің оқытушысынан «екінің» сырын біліп еді, Байжан да, Тайжан да математикадан нашар үлгіреді екен. Балқия бұл екеуін сабақ соңынан пионер бөлмесіне шақырып алып, оңаша сөйлесті. Бірден кінәлай жөнелмеді, сабырмен ғана сөз сұрап, байсалды кеңесіп көрді. Балалардың да айыбы үлкен емес сыяқты: сол күні алгебра сабағы боларын байқамай қалыпты да, дайындықсыз келіпті.

— Күнделікті жүретін пәндердің жүйесін жазып алмағандарың қалай? — деді Балқия.

— Әлдеқашан жазып алғанбыз! — деп Байжан шынын айтты.

— Ендеше сембі күні алгебра болатынын неғып білмедіңдер?

Бұл сұрауға екеуі де жауап қата алмай, күмілжи берді...



Олар шығып кеткен соң Балқия едәуір ойға шомды. Өмірге көзқарасы әлі қалыптаспаған, әр нәрсенің мәні мен байыбына жіті қана қоймаған жас буынның мінезі толқын сықылды көрінді оған. «Жел қай жақтан шықса, теңіз толқыны соның әуенімен шалқыйды ғой. Мінез де тап сондай, тәрбие ырқына бұрылады» деп ойлады Балқия. Байжан және Тайжанмен ең алғаш мектеп үйінің алдында танысқанда екеуінің бойынан өзі екі түрлі өнеге сыпат көргендей болып еді. Ал, әлгі тілдесуінде олардың мүләйім сыйқынан өзге бір күйді аңғарды. Жаратылысында сөзге сараң Тайжан вожатыйдың бастапқы сұрауына мүдіріп жауап қайырды да, аузын жұмды. Әйтеуір, Байжан дәлелге бір дәнекер тауып, жүздерін сонымен қалқалады. «Ұялғаны ғой» деп ойлады вожатый. Екеуіне өз ақылын айтып, «бұдан былай тәуір оқыйтын болыңдар» деп тапсырды. Олар уәде етті.

Бөлмеде оңаша қалған Балқия «Осы әңгіменің әсері қалай болар екен» деп дүдәмалданып еді, өзге бір ой кеп көңілін бөлді. «Жоқ, олар енді нашар оқымауға тиіс»...

Бірақ, Байжан мен Тайжанның аяқ алысы оңбады. Алгебраның қым-қыйғаш есебі екеуінің еңсесін бір көтертпей-ақ қойды. Соған келгенде аяқтары шалынып кетеді де, домалап түсіп, етек-жендеріне екілігі құрғырды имитіп іле шығады. Осы пәнге өздерінің зауқы да соқпай ма, кім білсін, әйтеуір, осыған дегенде адымы өпбейді. Ақыры оқу жылының бастапқы тоқсаны да бітіп қалды. Алтыншы класс бойынша математикадан үлгіре алмағандар есебінде Байжан мен Тайжанның ғана есімі аталды.

— Талай жекелеп әңгімелестім. Отряд жыйынында да қарадық. Бәрі де зая кетті, — деп қынжылды Балқия.

Олардың математикадан нашар үлгіріп жүргенін вожатый ерте-ақ сезіп еді. Бар амал-тәсілін жасап та бақты. Сан өткізген жыйыны мен әңгімесінің әсер-ықпалы болмағаны ма? Балқия, әсіресе, осы жайға күйзеледі. Ойы әр сәкқа жүгірді. Басқа сабаққа тәп-тәуір Байжан мен Тайжанның математикаға келгенде құрбыларына ілесе алмауы қалай? Гәп неде?

Балқия енді осының себебін іздеді. Екі оқушының үйдегі өмірін, төңірегін жіті зерттеді. «Бұлар неліктен нашар оқыйды» деген тақырыпта республикалық комсомол газетіне мақала жазып, кеңес сұрауға да көңілі ау-

ды. Бірақ артынан, әуелі өзім барлап білейін деп бөгелді...

Байжанның да, Тайжанның да құмар бір өнерлері бар еді. Байжан суретті әдемі салатын-ды. Адамның әлпетіне қарап отырып, тұр-ажарып қағаз бетіне айнытпай түсіретін ебі бар. Тайжан ағаш мінеуге шебер еді. Балқия бір жолы оның үйіне барғанда баланың өз қағаз, кітабын қою үшін арнап жасап алған шағын тумбочкасын көріп, жас шебердің ісіне өте разы болған-ды.

Аға вожатый отряд пионерлері алдында Байжан мен Тайжанға жауапты бір іс тапсырды. Пионер бөлмесіне ілу үшін жұқа ағаштан ойып, көлемді етіп, пионер значігін жасау Тайжанға жүктелді. Оқушылардың ішкі тәртіп ережесіне сәйкес үлкен бір сурет салу — Байжанның үлесіне тиді. Екеуі де жұрт көзінше екі ірі іске ие болғандарына іштей қуанысты. «Олардың сабақты жақсы оқуына бұл тапсырманың қандай әсері болар екен?» деп вожатый күдігі мен үміті аралас ойда қалды.

Байжан мен Тайжан бірнеше күннен соң біткен бұйымдарын пионер бөлмесіне әкеліп, аға вожатыйға көрсеткенде, бұлардың математикадан үлгіру қарқыны бұрынғы қалпында еді. Балқия мұны күнде біліп, класс журналынан күнде көріп жүрсе де, бұл жөнінде оларға әдейі ештеме демеді. Екеуіне жүктеген өз тапсырысының жайын ғана қадағалап отырды.

Вожатый олардың бітіріп әкелген затын байқап көріп шыққанда:

— Жақсы жасапсындар. Әдемі екен. Әр іске осылай тыңғылықты болу керек, — деді. Байжан мақтау сөзді естігенде жан-жағына қаранып жымның қақты. Тайжан болымсыз ғана езу тартты.

— Бұларыңды мектептегі көрмеге қоямыз, жолдастарыңа көрсетеміз, — деп Балқия, құбақай жүзінде көңілді нұр ойнап, Байжан мен Тайжанның күлімсіреген кескініне кезек көз салды. Өз сөзінің бала реңінен көрінер әсер ізін барлағандай.

Көрме ашылғанда Байжан мен Тайжанның еңбегі ең көрнекті төрден орын алды. Бұлардың жасаған бұйымын тіпті мұғалімдер де қызығып көрді. Пионер жыйынында директордың өзі бұл екеуінің есімін басқа оқушыларға үлгі етіп атады.

Сол күні аға вожатый пионер бөлмесінде Байжан және Тайжанмен оңаша кенесіп отырып екеуіне:

— Көрдіндер ме, ықылас қойып ұмты-



лып едіңдер, өздеріңе берілген тапсырысты үлгілі орындап шықтындар. Математикаға тап осылай ұмтылындаршы! Сөз жоқ, білесіңдер. Рас па осы? — деп, сөзін сұрауға түйді.

— Ы-рас, — деді Байжан. Тайжан басын изеді.

Тайжан жолда да, үйге келген соң да вожатыйының әлгі сөзін есіне алды. Ол әр нәрсені ойлады. Келешегіне көз жіберді. Тезірек токарь болып шығуды армандады. Ол үшін ең әуелі онжылдықты бітіріп алуы керек. Алгебрадан кеше тағы да нашар баға алып қалғаны есіне түсті. Түбінде осы пән қол-аяғын тұсайтындай көрінді. «Бұл сабақтан басқалар қалай жақсы үлгіріп жүр? Олардың менен несі артық?» деп ойлады Тайжан. Бұл сұрауына өзі жауап таппады.

Ертеңіне ол сабаққа көңілсіз келді. Залға кіре бергенде Балқия қарсы жолықты.

— Өңің сынық қой, Тайжан. Ауырғаннан сауымысың өзің? — деді вожатый оны бөгеп. Тайжан үндемей төмен қарады да, басын қайта жоғары көтеріп, екі жағына кезек бетін бұрып, маңына көз қыйығын тастады.

— Бір сөз айтқың кеп тұр ғой... Қысылма, айта ғой, — деді вожатый баланың ыңғайын танып.

— Басқа балалар менен артық па? Олар оңай шығарған есепке мен неге қыйналамын? — деп мұңая сұрады Тайжан.

Балқия сәл бөгеліп, еңкейе түсіп:

— Ешқандай кемдігің жоқ, олар да өзіңдей, — деп күлімсірей сөйледі, — бірақ олардың есепті оңай шығаруының мәнісі бар. Олар бұл пәнге сенен гөрі ықыласты, сенен гөрі тыянақты.

Тайжан үндемеді. Партасына да үнсіз келіп отырды. Вожатыйдың соңғы сөзі есіне түсе берді. «Олар сенен гөрі ықыласты, сенен гөрі тыянақты»...

Байжан сол күні портфелін теңселте ұстап, есікті шалқайта ашып, класқа көңілді кіріп еді. Алгебра есебінен тағы да сәтсіздікке ұшырап, сабақ сонынан аға вожатый оны тағы да бөгеп қалды. Балкия «екінін» жағдайын Байжанның өз аузынан естіп, әдепті үгітін айта бастағанда, сөзі кілт үзілді.

— Алгебраның қанша қажеті бар. Оны білмей-ақ художник болуға болады, — деді Байжан. Өзінің суретші болғысы келетінін осы жерде және бір аңғартты.

Капелімде аузына орайлы сөз түспей Балкия сәл мүдірді. Үгітінді жадына тоқыр Байжан жоқ. Ұрсармысың? Жыйналыста қарау керек пе? Топ алдына шығарып, қайта-қайта уәде алғаннан не пайда? Балкия алтыншының класс жетекшісімен ақылдасты.

— Байжанның математикадан нашар оқуының сырын енді ашыпсың. О баланың суретші болуды аңсайтынын мен де жақсы білем. Бірақ, оның алгебраны білмей-ақ художник болғысы келеді екен ғой. Міне, сыры! — деп класс жетекшісі сөзіне нокат қойғандай саусағымен столдың шетін ақырын ғана тық еткізді.

— Өзім де осылай ойлап едім. Байжан қателесіп жүр. Ұрыспай-сөкпей қатесін өзіне қалай ұғынтуға болады? — деді Балкия.

— Мұның жайын екеуміз бірігіп ойласайық...

Ссыдан бірер күннен кейін аға вожатый пионерлердің атакты адамдармен кездесуін өткізуге әзірленді. Көрші МТС-тың жвырда еңбек ері атағын алған бас агрономымен өзі телефон арқылы сөйлесіп, оқушыларға әр нәрсені білудің пайдасы туралы қызықты әңгіме айтып беруін өтінді. Бас агроном «өз өміріме байланысты айтамын» деп уәде етті. Осы озат МТС-тың өмірімен танысу үшін Ленинградтың атакты бір суретшісі командировкаға келіп жатыр еді. Аға вожатый онымен жүзбе-жүз барып сөйлесуге Байжанды жұмсады. Суретші өте қарапайым адам екен, Байжанның сөзін ықыласпен тыңдап шығып, пионерлермен кенесуге келуге өзінің қуанатынын білдірді. Байжан мектепке жеткенше жүгіріп, Балкияға суретшінің айтқанын жеткізді.

— Бәрі де жақсы, жалғыз-ақ өкінішті жай болып тұрғаны. Нашар оқыйтындардың

есімін сол атакты адамдардың көзінше де атауға тура келеді, — деп аға вожатый Байжанның кескініне көзінің қыйығымен байқай қарады. Баланың қабағы түсіңкіреп кетті, өніндегі жылы шырайы бозара қалды. Құрметті кісілердің алдында мұның да міні ақтарылады ғой.


Байжан кездесу кеші өтетін күні бұған қатыспай қалуды бір ойлады. Бірақ тағаты жетпеді. Жыйынға атакты суретшінің өзі келеді. Художник боламын деп жүрген Байжан оның әңгімесін қайтіп тыңдамай қалмақшы! Ол келді. Залға оқушылар сыймай кетіпті. Шақырған қонақтарын аға вожатый өзі бастап кірді. Бұлар төр алдындағы үсті жасыл матамен жабылған ұзын столға барып орнығысты. Байжан түкпір жақтағы партаның біріне қымтырыла отырып, суретшінің қыймылын бақты.

Алғысөзді Балкия бастады. Ол сөйлеп тұрғанда Байжан алдындағы баланың ығына тығыла түсіп, өзін жасырды. Тұла бойы пысынап кетті. Мұрнының ұшынан сап-салқын тер шықты. Қазір, қазір вожатый оның «екісі» барын айтқалы тұрғандай көрінді. Байжан оң жағына сәл бұрылып еді, вожатыйға күлімсірей қараған Тайжанға көзі түсті. Ол қымтырылмай, қысылмай еркін отыр. «Вожатый мұны мақтайтын шығар, Тайжан алгебрадан қатарынан екі рет «төрт» алды» деп Байжан оны ішінен күндеді.

Аға вожатый ешкімді мақтаған жоқ, Байжан да аман қалды. Балкия сөзін бітіріп, орнына отыра бергенде ғана манадан төмен бұққан баланың иегі жоғары көтерілді. Келесі кісілердің сөзін Байжан бойын тік ұстап, еркін отырып тыңдады. Суретші орнынан көтерілген кезде ғана еңсесін ілгері салды. Бұл адам толып жатқан қызықты мысалдарды алға тартып, әйгілі суретшілер өмірінен әңгіме шерткенде Байжанның түсі сан құбылды. Қызарды да, бозарды да, құқыл да тартты. Айтылып жатқан сөздердің жалғыз-ақ түйіні бар: жақсы суретші болу үшін әр істі, әр жайды жетік білуге керек.

— Мәселен, суретке қол икемі болғанымен, оқыған сабағын жөнді білмейтін оқушыдан түбінде нағыз суретші шығады деп айта алмаймын. Көпті білетін адам ғана өнер иесі болады, — деп сөзін доғарды ленинградтық егде адам.

Байжан ернін тамсанып қойып, оған жауаңдап қарай берді. Аға вожатый мұны елеусіз байқап отырды...



Жасыл бақ

С. Сарғасқиев.

Повесть

Суреттерін салған Н. Лебедев

Бүгін де ойынның бас кезінде біраз ұтыңқырағанмен, соңына қарай ұтыла бастады. Олақ, әдеттегісінше, шатақ шығара бастап еді, дәл бұл кезде қас қылғандай бір-екі жігіт тап болды. Олақтың асығын тартып алды. Жай ғана тартып алған жоқ қызарта-қызарта сөкті де. «Нағыз күлжанікі» деп жүрген сакасынан айрылу Олаққа қатты батты.

— Ағатай, сінді ойнамаймын,— деп жалынып көріп еді.

— Мұғаліміңе айтамыз,— деген соң жым болды. Олар кеткенде ғана кім екенін сұрастырып еді.

— Бұлар — тракторшылар курсыңда оқыйтындар,— деді балалардың бірі.

Асықтан айрылып, жақсы ойынының шырқы бұзылғанына іші удай ашып, Олақ үйіне көңілсіз қайтты. Қырға шықса жел біраз бәсеңсітті. Ақ қарды әр жерге жал-жал етіп үйіп тастапты. Күн қызыл арайлана ұясына қонып барады.

Олақ үйге келген бойда ауыр жұмыстан қайтқандай төсегіне киімшен құлай кетті. Денесі сал-сал болып, маужырай бастады. Көзін ұйқы басты.

— Мұнысы несі, ей. Неғып жатырсың? — деген шешесінің даусын естігенде ғана ұйқысы шайдай ашылып, басын жастықтан жұлып алды.

Шешесі ашуланса арты жақсы болмайтынын Олақ білетін.

— Жо.. жо.. ұйықтағам... жай-жай... шаршадым,— дей беріп еді.

— Немене, сен де бардың ба? — деді шешесі

жұмсай қалып. Нені сұрап тұрғанын түсінбесе де, шешесінің жылы ынғайының ыркына қарап

— Ия,— деді Олақ.

— Е, онда дұрыс,— деді шешесі көңілденгендей кейіппен.— Рыскелді айтты әлгінде. Дұрыс жасап-сындар. Тал нәзік келеді ғой. Неге шешінбегенсің. Әбден шаршапсың-ау... Әкел пиманды кептіріп қояйын...

3. КЛАСТА

Үзілген қайыс бауының жұлығына кендір жіп жалғастырып, оны шолақ тонының сыртынан айқара асынып алған Олақ класка жүгіре кірді. Қара тұтқалы, көк сырлы есікті серпе ашып жібергенде, өз орындарында тым-тырыс отырған балалардың алдыңғы қатардағылары қозғала беріп еді:

— Ха-ха! Мұғалім екен дедіндер ме, бәлем! — деп Олақ сақылықтап күліп жіберді де, аузын баса қойып, маймандай соңғы партаға қарай жорғалады. Оған себеп, ботаника пәнінің мұғалімі Жомарт та іле класка енген еді. Балалар орындарынан тұрып, қайта отырған кезде ғана Олақ та өз партасына жайласып болған-ды.

Алдыңғы жағында отырған Әушеннің алара қарағанын аңғарған да жоқ. Сол жағындағы Ақан-ның бүйірінен бір түртіп қалып, жымың етті де:

— Қазір не? — деп сұрады.

Ақан бет алдына қараған бойы, сол қолының сұқ саусағын ерніне апарып, көзінің қыйығын тастай бере:

— Тсс! — деп қойды.

Бұған қоса:

(Жалғасы, басы өткен номерде)

— Кәне, тынышталындар, балалар! — деген Жомарттың қоңыр даусы естілгенде, Олақ жым болды.

Әншейінде бір орнында тыпыршып отыра алмайтын Олақ, қолын отқа қарып секем алып қалған жас баладай, Жомарттың сабағында тып-тыныш отыратын. Арагідік кейбір ескертулер болмаса, Жомарттан қатты сөз естіген жоқ. Қатал мінезін де көре алмады. Осы бір қоңыр даусы, салмақты, тіпті еріншек қыймылы Олақты қакқан қазықтай тапжылттайтын әсер етеді.

Қазір де алдағы отырғандардың қалқасына сәл ығысыңқырап тасалана түсіп отыр. Осы сәтте оның есіне балалардың кеше мектепке келгені де түсті. Бірақ мұғалім ол жөнінен ләм деген жоқ.

Қоңырау шылдыр ете қалып, мұғалім кластан шыға бергенде-ақ, Раушан лып етіп тақтаның жанына шықты да бір жапырақ қағазды төбесінен көтере:

— Жедел қағазды оқындар! — деп дауыстады.

Әрине, жаңалыққа әркімнің-ақ жаны құмар емес пе. Балалар жапырлай барып, қағазды қолдан-қолға жүгіртіп үймелей оқысты.

— Қатырыпты.

— Айнытпауын қарашы.

— Ха-ха... сыйқын қара, сыйқың,— десіп күліп те жатыр. Енді бірде:

— Мә, Олақ, өзінді көр,— деп қағазды Олаққа да ұсына берді.

Олақ ешнәрсе болмағандай:

— Есебі, көрсе несі бар,— деп жайраңдаған қалпы қағазды ала берді де, кенет түсі суынып, шеке тамыры адырая, Раушанға тап берді.

— Есебі, мынаны жазған сенсің ғой, ә?

— Менмін,— деді Раушан.— Несеі бар, ұйықтағаның өтірік пе?..

Тайсалмай, батыл карап тұрған Раушанға дүрсе қоя беруге Олақ жасқанып қалды. Қорқар деп еді, олай болмады. Оның үстіне балалардың күлкісі жанына батып кетті. Қағазды жұмарлап лақтыра бергенде, білегінен әлдекім шап беріп ұстай алды.

— Жыртуға болмайды!

Ақырын ғана нық айтты. Қараса Мақсұт екен. Денесі өзінен сәл кесектеу болғанмен, күші шамалас деп санайтын Олақ, білегінен ұстаған қолдың қаруын сезді. Алақаны ашылып кетіп, қағаз сырғып жерге түсті.

— Жыртуға болмайды,— деді Мақсұт оның білегін жібере беріп.

Олақтың тұрысы ұйқысы шала болған адам секілді еді. Көзінің асты домбығып, жайда бір ұшын оң көзінің қасына келтіріп тарап қоятын қоңыр шашы дударланып кеткен. Тор көз, ала шыт көйлегінің дәл тамақтан келетін түймесі үзіліп, омыраулығы далдйын ашылып тұр. Төсектен тұра сала апыл-тұпыл жүгіргенге ұқсайды.

— Немене, жуынбағанбысың өзің — деді Раушан жақтырмағандай мұрнын тыжырып.

— Ұйықтап қалсаң, есебі,— деді Олақ міңгірлей беріп.

— Кешеден ұйқың қанбады ма?

Раушанның тақақтай бергені Олақтың шымбайына батып кетті, ол бірдене айтуға оқталып еді. Раушан оның сөзін тыңдамай, кілт бұрылып, сыңғырлай күліп:

— Жүріңдер, балалар! — деп есікке беттей берді.

— Өзінді, былай, тәртіпке келтірсейші,— деді Мақсұт та жүре беріп.

Осы кезде ғана манадап сырттап тұрған Ақан Олақтың қасына келді де:

— Оны сенен сұрамас, солай ма, Олақ? — деді қолын оның жотасына сала беріп.

Олақ басын изеді. Класта жеке тұрып қалған Ақан:

— Мұның бәрін шығарып жүрген сол. Ничего! — деп Олақтың жауырынынан қағып жымың етті. Бірақ, кімді айтып тұрғанын Олақ білмесе де, басын изей берді. Осы сәтте Ақаннан жақын да, ыстық та дос жоқтай көрінді оған.

4. МӘДИНА КЕЛДІ

Боран күнгіні Мәдина да-естіген еді. Бірақ алыс фермаға кетіп екі күннен соң оралды. Мәдина осы «Алғабас» колхозының кітапханашысы болатын. Өткен күзден бері бір жағынан өзінің қалауымен осы 5 отрядқа вожатый болды. Қолы сәл босаса мектепке келеді. Өзі оқып шыққан мектептен қол үзгісі келмейді.

Рыскелді кеше балалардың боран күнгі жұмыстарын айтқалы, ол біртүрлі қуанышта. Өйтпегенде ше? Өткен күзде отряд пионерлерімен бірге жүріп отырғызған жас ағаштар бұған да қымбат. Соны үсіктен сақтауға қатынаса алмағанына қыйналды да. Оны Рыскелдіге айтып көріп еді, ол жайдарлана отыра жұбатты.

— Текке жүрмегенінді олар білмейді ғой дейсін бе? Баршы, қалай қарсы алар екен.

Мәдина мектепке келгенде, балалардың бәрі сабақта екен. Мұғалімдер бөлмесінен де ешкімді көре алмады. Жалғыз отырғысы келмей, ақырын басып залға шықты. Зал іші тым-тырыс. Мәдина терезенің алдына келді. Терезенің үлкен әйнектеріне жалтыр қырау тұрған, сырт жақ анық көрінбейді. Суық даланың аязы жылы бөлмеге кіре алмағанына бұлқынғандай жалтыр әйнекті бүріпті.

Мәдина көзін 5-класстың есігіне қадап, сәл күлімдеп қойды. Жұқалаң, қоңырқай жүзінде әлдебір әсем ойдың ыстық лебі ойнап шыға келді. Орамды нәзік сезімді, майда мінезді Мәдинаның көңіл



дүниесіне соншама әсерлі ой алып келген балалар сонда отыр. Қазір солардың ісін, қыймыл, мінезін көз алдына әкеледі. Өзінің де сол бір тәтті шағы есіне келеді. Отырған партасы, жазған тақтасы келеді көз алдына. Үзіліс кезінде кластан топырлай шығып, асыр салып ойнағандарың да ойлайды. Соның бәрі сезімін шертеді, жүзі нұрланып, бал-бұл жанып, көзінде ұшқын ойнайды.

Қоңырау даусы Мәдинаның ойын бөлді. Әлгінде тым-тырыс залды дүрсілі де, шуы да мол көңілді үн кернеді. Класқа қарай беттеген Мәдинаны бірінші көрген Раушан. Ол көре салды да, жүгіріп келіп қушақтай алды. Ерекше бір қуанышын да, сағынышын да білдіргендей. Соның арасында Мәдинаны қаумалай қоршағандар да көбейе түсті. Міне, кішірек танауы делдіп, мойнын соза қарап аяғының ұшымен көтеріліп Олақ тұр. Алға оңештей беріп еді, алдында тұрған Ақанның аяғын басып кетті. Ақан қабағын сәл шытына, шынтағымен бүйірден түртіп кеп қалып, күбір етті.

Жымыйған бойы мұны көз қыйығымен байқап қалған Мәдина:

— Енді сен айтшы, Олақ,— деп оны сөзге бұрды. — Қанша түп талға қар тоқтаттың?

Вожатыйдың назары өзіне аударылғанына елең етіп, алға кимелей берген Олақ мына сұрақты естігенде кілт мүдірді. Басын төмен салып, Ақанға ықтай берді.

— Ия, Олақ, айта ғой,— деді Мәдина.

Қашанда ашық мінезімен, аңқылдақ сөзімен күлкі үйретін Олақтың дәл қазір мүдіріп, ыңғайсызданғанына Мәдина да таң еді. Мәнісін білмек болғандай, ұмсына сұрай бергенде, Раушан бір қағазды қолына ұстата берді.

— Мынаны қараңыз.

Мәдина қағызға үңілді. Жалт беріп, бөліне шыққан Олақты байқамады.

Бұл қағаз күні кеше класта Раушан шығарған «Жедел қағаз» еді. Оның бетінде көрпеге оранып жатқан баланың суреті бар екен. Белме ішінде жападан жалғыз тырп етпей жатыр. Сыртта ағаш түбіне қар үйіп жүрген бірнеше бала көрінеді. Суреттің астында бір шумақ өлең.

Мәдина енді түсінді. «Бұл қалай болды, ә?» — дегендей Олақ тұрған жаққа қарайды. Ол жоқ.

— Мұндай суретке мақтанатын немене бар? — деді Ақан, көзін Раушаннан алмай күбір етіп.

5. БАҚ ТУРАЛЫ ӘНГІМЕ

Максұт пен Раушан Рыскелдіні кеңседен іздеп таба алмады. Үйіне баруға Максұт тартынса да, Раушан қоярға қоймады.

— Аялдауға болмайды. Оны өзін сезесің бе? — деген Раушанның сөзінің жаны бар екенін Максұт білді. Ия, аялдауға болмайтыны да рас еді...

Өткен күзде өз кластарында жас мичуриншілер үйірмесі ұйымдастырылғанда Максұт та, Раушан да бірінші болып жазылған болатын. Жаңа жылдан бері бұлар Жомарттың басқаруымен өздерінше тәжірибе де жасай бастаған. Мектеп ауласында бақ және бақша өсіру тәтті қыялдары еді.

Февраль айының орта кезінде Максұт «лорх» тұқымдас бір картопты яровизациялауға қойған болатын. Бұл тәжірибені қалауының себебі өткен күзде ол бір журналдан картопты бір жылда екі рет өсіргенді оқып қатты ойланған. Сол жолы ол бір картоптан бірнеше өнім алуға тәжірибе жасауға іштей

бекінді. Ақыры толғана келе, Жомарттан кеңес алып, іске кіріскен. Жәшікке отырғызған картоп тез бүртіктеніп, көп ұзамай жапырақ жая бастады. Бұлай сәтті болады деп Максұт күтпеген еді. Бүгін Раушан екеуі үйге келіп пештің қасына қойған жәшікті қарап еді, денесін әлдебір суық ызғар қарып өтті. Өңі сұрланып, қалш тұрып қалды. Көзіне сенбегендей бажырая тағы қарады. Ия, солған! Кеше ғана көктемнің жасыл көркін бойына жыйнағандай құлпыра өсіп келе жатқан жапырақ, енді үсік шалғандай іреңі тайып, бүрісе бастаған. Бірақ үсік шалды деуге келмейді. Ақыры Раушан екеуі Рыскелдіге тез жетуге асыққан еді.

Рыскелді үйінде жалғыз емес екен. Жомартты көргенде екі бала да, не айтарын білмей, дағдарып тұрып қалды.

— Е, Максұт, кел, төрлет! — деді Рыскелді алдында жатқан қағазды ысырыңқырап, орнынан көтеріле. — Раушан да келген бе? Неге тығыласың есікке, кәне бері келіңдер.

Ұзын бойлы келгенмен, кең иықты, шымыр денелі, қою қара мұртты Жомарт ежелгі әдетімен мұртының ұшын саусағымен шыйратып, жымыйып қарап қойды да, балалардың іркілу мәнісін сөзгендей:

— Қеліңдер — деді қасындағы орындықты қозғап қойып.

Максұт Раушанға сүйкене жүре беріп, шынтағымен ақырын бүйірінен нұқып қойды да, қабағымен ым қақты. Мұнысы — мұғалім ештеңе деме дегені еді. Раушан оны түсінді ме, әлде түсінбеді ме, кім білсін.

Жомарттың қасындағы орындыққа келіп отырған Максұттың көзі стол үстіндегі жаюлы жатқан қағазға түсті. Сәл көтеріліңкіреп, үңіліп еді, әртүрлі сызықтар екен, түсіне алмады.

Раушан Жомарт пен Рыскелдінің ортасындағы орындыққа келіп отыра бере-ақ, бірден қағазға еңкейе қалды. «Аздап әдеп керек емес пе. Ұрсар деп ойламайды-ау өзі», — деп Максұт жақтырмай қалды.

Раушанның таңырқай қарағанына Рыскелді:

— Немене, Раушан, түсінбей тұрсың ба? — деді алдындағы жатқан портсигардан папирос алып, оны столдың ернеуіне қағып-қағып қалып.

— Бұл ма, — деді Жомарт күлімсіреп, қағазды сәл өзіне сырғытты да, — біздің бақ.

— Біздің бақ?

Бұл сөз Максұттың да, Раушанның да аузынан қосыла шықты. Көз жанарлары құлпырып тақданумен бірге, қуаныштары да бар еді дауыстарында.

— Ия, біздің бақтың жаңа жоспары, — деді Жомарт. — Міне, Рыскелді ағаларың ұсынып отыр, қабылдаймыз ба қалай?

— Әрине, қабылдаймыз, — деді Раушан.

— Е — е, — деді Жомарт сол қолымен мұртын шыйратып, басын шайқап, — асықпаңдар, бәлкім, ұнамас.

— Алдымен таныстырайық, — деді Рыскелді сөзге араласып. — Пікірін сонан соң айтар.

— Ол да дұрыс екен, — деді Жомарт қосыла кетіп.

— Берірек жылжы, Максұт, — деді Рыскелді, өзі отырмастан, столдың шетінде еңкейген бойы түсіндіре бастады.

— Мектептің жасыл бағы қазіргі тұрған орнында болады. Бірақ, біраз ағаштарды көшіру керек.



— Көшіру керек?! —

— Ия, Мақсұт, көшіру керек. Мына қатарда алма, алмұрт ағаштары өсіріледі.

— Аралығы қашық секілді ғой.

— Дұрыс байқадың, — деді Рыскелді, — әр ағаштың аралығы алты метрден болады. Мұның да мәні бар.

Рыскелді алма мен алмұрт ағаштарының сексен жылға дейін жасайтынын, тамырын кең жазып, өсіп толғанда арасы жақын болса, қоректен тапшылық көретінін, ал бұлардың арасында сүйекті ағаштарды — алша, өрік ағаштарын өсіруге болатынын айтты.

— Сүйекті ағаштар тез жетіледі де, тез қартаяды, — деді ол. — Сондықтан да алма мен алмұрт ағаштары кемеліне келгенше олар бір жағынан сая да болады.

Сөзін қорытындылай келе, өткен күзде отырғызылған ағаштарды көшіру керектігін, тәртіпке келтіріп, арасынан аллеялар жасауды да айтып өтті. Рыскелдінің сөзімен бірге екі жас баланың ұшқыр қыялы алға самғап, көз алдарына уылжый піскен жемісі бұтақтарын иіп, жасыл жапырақтары сусыл қаққан бақ тұрды. Аллеялардың жиегін безендіріп, зерше тартылған алуан гүлдер бақ сәнін көріктендіре, күлпырта түскендей. Жүйрік көңілді лепірген сезім тасқыны кернеп кетті. Соншама бір жылылығын, әсерлілігін алға жайып, ымдап өзіне тартып, бауырына қысып құшағына алғандай. Еңселі мектеп үйі гүл-бақшаның ортасындағы жазғы лагерьдің ақ шатырындай көрінді.

— Енді, қалай дейсіңдер? — деп Рыскелді қарай қалған кезде, Мақсұт бірден сөз қата алмады. Әлгіндей имену емес, алған мол әсерінен аузына сөз түспеді. Балбұл жайнаған жүзі көзінің қарасының түбінен суырылып шыққан отты ұшқын ғана оның сөзін де, көңіл күйін де айтқызбай-ақ сездіргендей еді.

— Тамаша! — деп Раушан жас балаша алақанын шарт еткізді.

Жомарт көп көшет керек екенін, оны табуда бір аз қыйындықтар бар екенін еске салды.

— Аллея жасаймыз дейміз. Оған да көшет, оған да гүл ұрықтары керек. Бізде алма ағаштары жетіспейді. Оны бізге кім береді? Осыны да ойлануымыз керек, — деп барып сөзін түйді.

— Колхоздан аламыз, — деді Раушан ойланбастан-ақ.

— Омар қарт бере қояр ма екен, — деді Жомарт жымыйып.

Жомарт үйден шыққанда ғана, Раушан Мақсұттың бүйіріне бір тұртіп қалып:

— Енді айт, — деді сыбыр ете.

Балалар агрономға сәтсіз тәжірибелерін баяндады. Рыскелді өзі барып көрмек болды.

Неңдей кішіпейіл, жылы адам. Ішіне кіріп, бауырына баурып алады. Қашан да болсын көмегін аямайды. Түсіндіреді, көрсетеді, ерінбей үйретеді. Өзімен үлкен адамдарша кеңесе біледі.

Рыскелдінің үйінен шыққан Мақсұтты осындай бір сезім билеген еді. Келген сайын, жолыққан сайын мол әсер алып қайтады.

Мақсұт жүзі жайнап, қуаныш үстінде келеді. «Көктөбенің» қарлы шыңына иек артып батып бара жатқан күн қызыл арай шұғыласын Мақсұтка қарай әдейі шашып, оның жүрегіне құйыла түскендей сезінді. Ол күнге қарай қолын сермеп, қасқая қарап тұр.

— Ей, саған не болған, жүрсейші!

— Қарашы, Раушан, қандай тамаша! — деді ол, күн шұғыласынан көз алмай. — Тамаша!

6. ОЛАҚ АҢ-ТАҢ

Адам мінезі түрліше ғой. Біріне бірі ұқсамайды, әйтеуір. Ақанға салсақ нағыз жайдары да, нағыз салмақты да тек өзі ғана. Мақсұт болса мақтаншақ, Раушан да сол, әрі қызба. Олақ болса нағыз ұшқалақ. Кейде осы бадырайып тұрса да, бойындағы жақсы қасиетті, мінезді аңламайды-ау осы жұрт. Шынымен-ақ білмей ме екен. Әлде біле тұра әдейі істей ме екен. Әйтпесе, Мақсұтты мақтайтындай не тұр. Ол — ол ма, түнегүні Раушанды звено вожатылыққа сайлады-ау. Просто күлкі келеді. Соның өзі де ол бұлданады-ақ. Кеше үйірме сабағында Жомарт ағайдың Мақсұт пен Раушанды мақтауы — тіпті бекер. Мұны аузына да алмады. Өткен жылы емес пе еді, мақтаса мұның бірінші жүретіні ауызда. Осы Мақсұтта не қасиет тұр? Аңадағы боранда әрі-бері жүгіргені ме. Бұл да жүгірер еді ғой. Әлде ана бір тәжірибесі ме? Онда да ешбір таңсықтық жоқ. Бір журналдан оқып алған нәрсесін әлдеқандай етеді...

Соңғы кездерде, әсіресе үйде отырып онаша қалғанда, Ақанды әлдебір бұлыңғыр ой шырмай, ішті бірдене қырнағандай, өзегін өртегендей сезінетін. Ойы таусылып, іштей кіжінетін де. Жұрттың назары Мақсұт пен Раушанға ауған сайын, сабыры таусылып, тынысы тарылғанға ұқсайтын. Кеше өзім деп аяғын нық тіреген жері, бүгін тайғақ мұз секілденіп, қарманса да сырғанап түсіп бара жатқандай. Сонда да бекініп, ақыры бір ұйғарымға келіп байлам жасаған еді. Мұнысын ешкімге де сездірген жоқ.

Есік алдына шыға бергенде Олақ бетпе-бет ұшырасты. Ентіге, асыға келіпті. Салған жерден-ақ:

— Есебі, білесің бе? Қазір қызық болды ғой, — деп әлгінде ғана ойнаған ойынын асыға-аптыға айтып берді.

(Жалғасы бар)



БОЛАТ ҮЙІНЕ КЕЛГЕН СОҢ...



— Біздің тұратын жеріміз осы,— деді Мариям Бексейтқызы Алматының жасыл желек жамылған кішкентай үйінің алдына тоқтай қалып.

Мариям Бексейтқызымен біздің танысқанымызға бір-ақ сағаттай уақыт өткен еді. Біздің танысуымыз да қызық болды.

Лық толып келе жатқан троллейбустың ішіндегі өзара ақырын сөйлесіп отырған екі әйелдің әңгімесі мені қызықтырып кетті. Бұлар бірін-бірі жақсы танығанымен, көптен бері көріспегенге ұқсайды.

Бұлардың біреуі өз балалары жөнінде сүйсіне сөйлеп отырды.

— Тұңғышым бәрімізден ерте тұрып, пешке от жағады. Ортаншым алыстан су әкеледі. Ал, кенжем ыдыс-аяқ жыюға көмектеседі. Қартайған кезімде қолқабысын тигізетін қызым жоқ деп бір кезде уайымдай беруші едім, оным бекер екен. Балаларымның менін қамымды ойлап жүргенін көргенімде бір жасап қаламын. Бұл кемпір аузы-аузына жұқпай көп сөйледі. Бірақ құрбысының халжайын білгісі келді білем:

— Сен өз балаларың жөнінде неге айтпай отырсың? — деді.

Бұл кезде оның құрбысы бурыл тарта бастаған қолаң шашты басын еңістеу ұстап, үнсіз отыр еді.

— Қызым жақсы,— деді ол ойлана сөйлеп.— Ұқыпты, кілең бестікке оқыйды, үй ішінде де көмектеседі, бірақ ол не істеп тындырсын, әлі кішкентай ғой, екінші класта ғана оқыйды.

— Болат ше? Ол қазір есейіп қалған жоқ па?

— Болатым...— деп күрсінді апай,— Болатымыз үлкен екені рас, бірақ ол үйге бір кеше су әкелмейді, пешке бір тал шыбық салмайды. Оған бәрін өзің әкел, өзің әпер. Кімге тартып мұндай болғанын білмеймін.

Ұлының осындай жаман қылықтарын оты

шығып әзер айтып отырғанын мен оңай аңғарып қалдым. Жанға батқан уайым тілге еріксіз оралады ғой. Қайтсін.

— Менің Болатым мектептен келеді де, портфельді кроватка лақтырып тастап: «Тамақты тезірек әкел! — деп бұйырып жүргені. Жалынып жүріп қолын әзер жудырасын. Тамақ ішкеннен кейін ыдыс-аяқ өз жайымен қалады. Бұл құдды төре — орнынан тұрады да жүре береді. Мен сорлы сол деп жанымды салып жүрмін ғой... Әр жексембіде кинодан қалмайды, жазда лагерьге де барып қайтты. Футбол добын да, коньки де сатып әпердім.

Троллейбус тоқтаған жерде Болаттың шешесінің соңынан мен де бірге түстім. Әлгі ізет білмейтін балаға ызаланып кеттім. Ол өзі қандай бала екен, үйінде не істейді екен соны көрейін де, мектептегі жолдастарына оның мінез-құлқын айтып берейін деген ойға келдім.

Мариям Бексейтқызымен мен осылай таныстым.

Үй ішіндегі әр бұйымның бойында Болаттың керенаулығының ізі жатқан сыяқты еді.

— Бір рет азбардың есігі сынып қалды. Мен Болатқа жөңдей сал дедім. «Тынышымды алмашы. Есікпен әуре болуға менің уақытым жоқ» — деді ол. Қайтейін, көмекті көршімнен сұрадым. Әне көрдіңіз бе, сатының жанында аяқ сүртетін киіз жатыр. Бірақ Болат оған өмірде аяғын бір сүртпейді. Еден жуудың қандай қыйын екенін ол ойлай ма екен.

Бөлменің ішінде клеенка жабылған стол басында Мариям апайдың кішкентай қызы Шолпаш отырды. Басын бір жағына қыйсайтып, тілін сәл шығара тістеп, ақ қағазға бір жазуды ынтасын сала жазып отыр екен. Кішкентай бөбегінің көзінше Мариям Бексейтқызы ұлының жаман қылықтары жөнінде шағым айтқысы келмеді білем. Күйеуі

мен екеуінің жас шағын, ұлы туғанда сондай қатты қуанғандарын, оған Болат деген ең әдемі есім бергенін айта бастады.

Бұл ат маған да әрқашан ұнайтын. Жазда Болат есімді жақсы бір пионермен танысқаным әлі есімде. Пионер отрядындағы жақсы істің бәрін сол бастаушы еді. Авиамодель жарысына барсаң, оның өз моделін ұшырғанына тап болар ең. Лагерь спартакиадасына қатысып озып шыққандарға сыйлық бергенде, Болат та жүлдеден құр қалған емес. Жорыққа шыксаң, кесертке көрсе бірінші ұстайтын да сол. Ол құраған коллекциясы біздікінен әлдеқайда мол болатын. Демалысымыз бітіп қайтар кезде «Шебер қолдар» көрмесін ұйымдастырғанда, Болаттың өзі жасаған оюлы кітап сөресін тағы көрдім. Шебер қол десе, шебер қол еді. Сол Болат осы үйде болса ғой, азбардың өзі де бүтінделер еді, электр плитасымен анасы әуреленбес еді, Болаттың өзі жөндер еді, дәуде болса, кішкентай қарындасына әдемі етіп сыя сауыт, кітап сөресін жасап берер еді-ау...

Сағат он екі жарым болып қалған екен. Анасы Болаттың келуіне тамағын пісіріп үлгіру үшін асыға бүккендей бастады.

— Тамақты күтіп отыруға Болат шыдамайды, — деді анасы.

— Оның есесіне біз оны көп күтеміз, — деді Шолпаш.

Ол дұрыс айтқан екен. Міне сағаттың тілі «екілік» цифрының үстіне келіп қалса да, Болаттан хабар болмады.

Сөйткенше болған жоқ, терезенің алдында асыға басып келе жатқан біреудің аяғының тықыры естілді де, терезеден қараң етіп өте шықты.

— Болат келе жатыр! — деді Шолпаш аптыға сөйлеп, асығыс жыйнала бастады. — Мен Соняның үйіне барып дайындалғаным тәуір болар.

Бұл кезде салдыр-гүлдір етіп сыртқы есік ашылып, көк костюм киген бала бөлмеге кіріп келді. Оң қолымен портфелін кровать үстіне лақтырып жіберіп, сол қолымен галстуғын шеше бастады.

— Тамақ әкел!

Сы кезде мені көзі шалған ол аңырып тұрып қалды. Екеуміздің қайсымыздың көп танданғанымызды айту да қыйып, себебі менің алдымда жазда лагерьде үлгілі пионер атанған Болат тұр еді.

Мен Болаттың фамилиясын да, тұратын көшесін де, ол оқыйтын мектебін де атамай-ақ қояйын. Ал, сендердің отрядтарында осы сыяқты мектепте ұқыпты, кішіпейіл, еңбексүйгіш, ал үйінде еріншек, дөкірлеу пионер бар ма, бар болса оның мінін түзеуді қалай ойлап жүрсіндер?..

И. Стрелцова

Галлмжан Латып.

МЕКТЕПТЕ ЖӨНЕ ҮЙДЕ

Мектебіне бұл Нәби
Кешігіп еш барған жоқ.
Ерте оятып жүр оны
Кәрі әжесі алаң боп.
— Есенсіз бе, — дейді ол
Әрбір таныс кісіге.
Ізет қылып берер жол
Үлкенге де кішіге.
Мақтайды оны бәрі де
«Нәби біздің зерек» — деп.
«Әрқашанда, әрине,
Солай оқу керек» — деп.
Ал, Нәбидің үйінде
Мүлде басқа мінезі.
Күндердің бір күнінде
Күлкі болды міне өзі.
Нәби үйдің есігін
Сарт еткізіп жапты да,
Мойнындағы сумкасын
Бұрыш жаққа атты да,
Отырды үнсіз тіл қатпай
Столдың кеп жанына.
Қарт әкесі ұзатпай
Ас қойды оның алдына.
Асқа салып қасығын

Былғап-былғап көрді де,
Айтты Нәби ашынып:
— Тағы маған бердің не
Керек емес, кері әкет,
Ас па ботқа дейтінің.
Бердің маған неге әкеп
Тауықтардың жейтінің.
Әжесінің дидары
Кетті өзгеріп азырақ.
— Не болды? — деп сұрады
Гүлназ келіп қазір-ақ.
Кіп-кішкентай қыз бала
Үйлер жасап ойнады.
Ойнай берді қызыға,
Қызығына тоймады.
Нәби жақын келді де,
Түйіліп те сұрланып,
Қасы-көзін керді де,
Қойды тілін шығарып.
Тұрып-тұрып бір кезде
Бұзып қалды ол үйді.
Қойды әжесі лезде
Бір бұрышқа Нәбиді.
Нәби сынды балалар
Арамызда әлі бар.

Мектебінде жақсы боп,
Үйіне кеп жаңылар.

Татар тілінен аударған
І. Мәмбетов.

БОРАСЫН

Мектепке Гүлсім барады,
Далада қарлы борасын...
— Қатыгез қыстың бораны,
Бетіме неге соғасың?/?

Ақ қырау тұрып кірпікке,
Қонышқа қар толады.
Малтығып аяқ күртікке,
Долы жел алдын орады.

Қалмайды Гүлсім оқудан
Болса да қанша борасын.
— Гүлсімге жол бер,
ақ боран,
Бетіне неге соғасың?/?

Зейнолла Шүкіров.
Арал ауданы.

Шопанның баласы

Ғали Орманов.

Суреттерін салған Ә. Хайдаров.

Кейде өмірде бір ойда жоқ қызық әңгіме кездескенде, өзің де таңырқап, оқушыға да шырын бұзбай, сол күйінде тартқың келеді. Бул да сол тосын кезіккен әңгіменің бірі.

Түндегі қалың жаңбырға келісе жуынған көк жайлау әлі дегдіген жоқ. Биік зеңгірлер көлбей жатқан көлеңкелерін жаңа-жаңа жыйнап, сай-саланы күн сәулесі жаңа ғана шала бастаған. Ертеңгілікте отар-отардан еңдей өрген қой көгілдір қыяларға, кілемге шашқан моншақша, бытырай өрлеп барады. Кей қырқаларда түнде өрістеген жылқыларды жыйыстыра қайырған жылқышылар қарасы шалынады. Жылқының кей тобы ала-құла, шұбарта көрінсе, кей тобы қоқтыға біткен қызыл-күрең тобылғы тәрізді. Шашау шыққан саяғын қайыра, бір-біріне қожандасқан тоқ айғырлардың осықылығы мен алқынған дыбысы естіліп тұр.

Жайлаудың шаңсыз, қаракөк аспаны мөп-мөлдір. Сай-сайдан ескен салқын желдің лебі білінеді. Теңге жапырақ аясында сынапша дірілдеген жаңбыр суы ат тұяғымен мөлт төгіліп жатыр.

Жайлаудың бірде айқын жалғасып, бірде шөптесін тартқан көмескі соқпақ жолымен шұбай жүрген үш адам, аттары алқына, Терметас беліне шыққанда, алдындағы аршалы қыяда бытырай жайылған көп қой көрінді. Нешетүрлі өң бере құбылған гүл-мәуелі соныға шүйгін жайылған қой ендеп кетіпті. Бірақ ел-аулақта қой алдында қойшы көрінбеген соң, салт аттылар жан-жағына қарай бастады. Ақ бұйра қозылы саулық қойлар тым ажарлы екен.

— Қойшы анау ғой деймін,—деді, алда келе жатқан Жексен, жүрдек көк дөненін тежей, алдыңғы жақтағы аршалы үрпек төбеге қарап.

Көк қыяда оқшау біткен аршалы төбеде біреу отыр екен. Қасында бір қақшыйған қара тұр. Отырған адамның оны сыйпап отырғаны да, ұстап отырғаны да белгісіз, әйтеуір соны айналдырған қыймылы білінеді. Жалғыз аяқ жолмен шұбаған аттылар алыстан оны түрліше жорыды.

— Қойға мінген тайыншасы ғой деймін,—деді Жексен, қамшысын солай қарай сермей сөйлеп.



— О, қойшы, қазір жайлауда тайынша мінуді ме еді?

— Жоқ, қойға ерткен төбеті болуы керек.

— Қайдам, тым ірірек көрінеді...

Илеуге салған құмырысқа ізіндей иреңдеген соқпақ жолмен үшеуі аршалы төбеге жақындай келе, қойшы жайына қаныққандай, қайран қалысты: қасында тұрған тайынша да, төбет те емес, қосырғай мүйіз, қара қасқа серке екен. Қойшының өзі де егде адам емес, талдырмаш бала боп шықты; аттылар тақаған соң, киімін жөндей түрегелді. Оның қой жая жүріп, серкені ермек еткен балалық мінезі аттыларды да қатты қызықтырды. Бала бір қызыл шырайлы, көзі нұр жайнаған, отты бала екен, аттыларға тартынбай амандасты.

— Қай баласың, шырағым?

— Қазақ баламын,—деді ол жұлып алғандай.

Баланың жауабы құлақтарын елең еткізіп, аттылар оған бұрынғыдан да қызыға қарасты. Бірақ баланың өңінде бүлк еткен бөтен із жоқ.

— Қойшымысың?—деді Жексен, сұрауын анықтай айтып.

— Жоқ, оқушымын.

— Не оқып жүрсің?

Бала үндеген жоқ. Осы сұрау өзіне өрескел естілгендей, аңыра тұрып қалды да, ерні жымыйып, күліп жіберді.

— Оқушы баланы білмейсіз бе? Мектепте оқыймын.

— Мынауың не ендеше?—деді Жексен, қаптап жатқан қойды көз қыйығымен мегзеп.

— Қой ғой ол,—деді бала жайбарақат сөйлеп.

Қыйқар баланың әңгімесін білетін аттылар, соған еліктеп тұр ма деп, балаға қанша қарағанмен, өңінен ешбір бөтен әлпет көрінген жоқ оның; табиғи балалық пішіні, қай сұрауға қандай жауап берсе де, айныр емес. Қапелімде қаршадай баладан жеңілу жүйрік Жексенге де осал тиген жоқ; бірақ зеку айтып, өжет баланың өр көңілін жасытқысы келмеді. Тұрулі балағын еңкейе жөндеп жатқан балаға қызыға қарап, Жексен:

— Қой, айналайын, шыныңды айтшы, кімсің? — деді жабысып.

Бала тағы да бір қырын жауаптың жөні келгендей, жүзі жайнап күлгенімен, үлкендерді ұйлықтырғысы келмей, еңсесін көтере тұрып, оң жауапқа көшті. Баланың аты Есен екен. Бесінші класты бітіріп, жайлауға жаңа келіпті. Әке-шешесі қойда болған соң, жыл сайын демалыс тұсында соларға келіп, екеуіне қолғабыс етеді екен. Әкесі бүгін ауданға кеткен соң, Есен соның орнында қой бағып қалыпты. Бірақ малда жүріп, серкемен ойнағаны біртүрлі оғаш көрінгендей, Жексен күдік айтып еді, Есен іркілген жоқ.

— Ойын емес, қасымда жүрсе, қорықпаймын, — деді ол, төбеде құлағын тіге қаздырып тұрған серкесіне сүйсіне қарап. Осы сөзімен ол балаға біткен барлық шынын айтып қойды да, иесіз жерде ит-құс барын аттылар да түсінді.

— Ит неге ертпегенсің? — деді, баланы бақылап үнсіз тұрған егдерек біреуі, атын тебіне қатарласа беріп.

— Қасымда жүрсе, мынау сүзе береді, — деді Есен серкесіне қарап.

— Шақырсаң келе ме мұның? — деді Тоқбол дейтін жігіт, мал мінезін таңсық көріп.

— Сіздерден именіп тұр, әйтпесе... — деп Есен ілгерірек шықты да: — Ерке, Ерке — деді шақырып.

Қара серке тек соны күтіп тұрғандай, Есеннің дауысын есітісімен: «ма-һа» — деп, сақалын сілкіп қойып, аяғын сырт-сырт баса, бері қарай тартты. Алдындағы қалың аршаның арасынан өткенде, қақшыйған мүйізін самсаған бұтақтың біріне тигізбей, қарсы алдымызға



шықты. Аттылар қасындағы Есенге тақау келіп: «мыналарың тимей ме?» дегендей, көзі ежірейе қарап, кідірейін деді. Түбіті таралғанмен, қырқылмаған салалы жүні шудаша төгіліп тұр. Есен қалтасынан бірдеңе шығарып ұсынып еді, серке ернін қайшылай жалмап, сақалы шошаңдап күтірлете бастады.

— Не бердің? — деді Жексен таң көріп.

— Қант бердім, — деді де, Есен серкесінің мойынынан сыйпап, арқасына қағып-қағып қойды.

— Ұратын кезің де бола ма мұны?

— Жоқ, ұрған соң запы боп, келмей қояды, — деді Есен, байсалды естияр адамша сөйлеп. Есен күтіміне сонша үйренген серке тағы да бірдеңе дәметкендей қолын, киімін жалмап жүр. — Ой, Ерке! — деп, Есен иегіне қағып-қағып қойды.

Есеннің сөзі де, қыймылы да малға деген қырын танытып тұр. Ол оны колхоз қойын үзбей баққан әкесінен үйренді ме, әлде төл дегенге баласынша қарайтын анасынан үйренді ме, ол жағын аттылар білген жоқ; бірақ қаршадай баланың малға деген жұғымы бәрін де ойландырды.

— Бұл өз бәсірең бе? — деді аттылардың бірі.

— Иә... Жоқ, колхоздікі...

Есен бірінші класты бітіргенде бұл серке лақ екен. Кей малға бауыр басатын балалардың мінезіне сала, ол оған содан бастап қант беріп, қолға үйретіпті. Атын біресе «Қасқа», біресе «Қоспақ» қоя жүріп, «Ерке» деген атты бір күні кенет тауыпты.

Қант жеп дәндеген лағы Есеннің етегін иіскелеп, кейде тіпті қосқа да ілесе кіретін болыпты. Есенге ере келіп, қостағы жасаулы дастарқанды таптап, шай төккен шақтары да болған. Есенді ерке өсірген әкесі, лағын да ұра алмай, өзің секілді лағың да ерке болды ғой дейді екен. Есен әкесінің сөзін естіген соң, көңіліне жағып кетіп, лағының атын «Ерке» қойыпты. Содан ол, малға сабақ болғалы, жыл сайын жайлау үстінде әкесіне болысып, мал жайсақ осы «Еркесін» серік етеді екен.

— Серік болғанда, мұның не себеі тиеді саған? — деді Тоқбол, Есеннің ойын білгісі келіп.

— Хе-хе, не себеі тиеді! — деді Есен, Тоқбол сөзін ерсі көргендей күле сөйлеп. — Серке болмаса... — деп қой жағына қарады да, құңқылдаған құзғын дауысын естіп, құлағын түре қалды. Көзі ежірейген серкесі елең етіп: «пық» — деп пысқырып қойды. Осы сәтте Есеннің қойға қараған көзқарасынан да, құзғын дауысын тыңдаған тұрпатынан да серкесінің «себі» танылып кеткендей еді...

Есен аттылармен одан әрі сөйлеспей, белдігін жөндеп қойып, қойдың алдына қарай, аю жүн, сары күйік өскен, қыртыс-қыртыс қыя бетке тырмыса жөнелді. Елеңдеген серкесі аяғын сырт-сырт аңдай басып, «қамажаудан құтылдық па» дегендей анда-санда артына қарап-қарап қояды. Екеуі қой алдындағы бұталы үрпек тасқа шыққан соң барып тоқтады. Бір құзғын

мен қара құс жоғары көк торғын аспанда шарықтай айналып жүр. Шұбартқан тас басына барған Есен сол екеуін не тамашалап, не болмаса қандай хабар әкелдіңдер деп қадағалап тұрған тәрізді. Қасынан қара серкесі де қалар емес. Жасыл жайлау, жартаста екеуінің сол тұрыстары бір қызық суретке де ұқсайды...

Өмірдің суретінен гөрі өзін көбірек таныттын Жексен атын тебіне жолға түскен соң:

— Мал да болса, балаға ес қой, шіркін! — деп екеуіне тағы да қарады. Қасындағылар үндемегенмен, жүректерінде бір жыр пернесі шертілгендей сезімге келді.

Кешкісін үшеуі қайта оралғанда, Есен қоралы қойын қосқа қарай беттетіп келеді екен. Жайлау күні кешкісін тағы да қарауыта бұлтанып, биік-биіктерге шұбалған бозғылтсұр перделер ілініпті. Дүрілдеген жел сарыны келіп тұр. Күн тамшылап жауа да бастады. Есен қойдың арт жағында қалып, қара серке алдын бастап келеді екен, үш аттыны көрген соң, жалт беріп қабаққа тұра қалды. Беткейден төгіле түскен қой алды да іркілейін деді. Әлдеқайда тұрып, соны шалған Есен:

— Тура тарт, Ерке, тура! — деп дабыс берісімен, қалшылып тұрған қара серке қабақтан ырғып түсіп, қойды бастай жөнелді.

Есен жол жиегінен шалғай болған соң, аттыларға жолыққан жоқ, бірақ қойға бір, аттыларға бір қараған қарасынан: «серкемнің себеі не екенін координдер ме?» — деген мақтаны да сезіліп тұр. Алайда, аттылардың көңілін бөлген ол емес, өзге жағы еді: осынау зеңгір-зеңгір шың мен бұрқыраған нөсер, дүрілдеген жел, күрілдеген өзен Есеннің де естегісін молайтып, құздан ұшқан қырандай, қанатын бекіте, шынықтырады ғой деген ой еді.

ЫРЫМШЫЛ

Сатыдан төмен секіріп түсіп,
Жүгіріп өтті алдымнан мысық.
Ізімше үйге оралдым қайтып,
Жорыттым мұны әжеме айтып.
Құптады мұны әжемнің сөзі —
«Сақтапты, — деді, — құдайдың өзі...»
Қайдағы жоқ бір ырымға нанып,
Тұрғаным мынау сабақтан қалып.

Жақан Смақов.



АПАМ ҰРЫСАДЫ

Екінші этаж балконында
Екі сәби бала тұр.
Кім жіберді екен мұнда
Деп: «екеуің бара тұр».
Үлкендеуі кішісіне
Төмен жерді нұсқайды,
«Құлап қалма, өлесің» — деп,
Білегінен ұстайды.
Ал, кішкентай қорықпайды,
Босануға тырысып:
— Құламаймын, өйтсем апам,
Жүрер маған ұрысып.

Қ. Тұрмантаев.

Ильичтің балалық және жасөспірім шағы

Н. К. Крупская

Мен Владимир Ильичтің балалық шағы туралы әсіресе бірге тұрған кезімізде өз аузынан естіген-білгенімді жазбақпын. Рас, революцияшыл қызметке шомған ол естегілерін шертуге аз оралатын, — тек бір реті келгенде аз-маз айтатын-ды. Бірақ онымен біз бір буынның адамдары едік (мен одан бір жас үлкенмін), шамамен айтқанда біркелкі ортада, «әр тектес интеллигенция» дейтіндердің ортасында өстік. Сол себепті, үзік-үзік болып келсе де, мен үшін оның естегілерінің терең сыры бар.

Владимир Ильич 1870 жылы 22 апрельде Волга бойындағы Симбирск деген кішкентай қалада туып, осы арада 17 жасқа дейін тұрған. Бұл губерниялық қала еді, ал қазір сол кездегі Симбирск көшелерінің, үйлерінің, айналасының суреттеріне қарасаң, оның сол кезде қандай жым-жырт бір түкпір болғанын сезесің. Не фабрика, не завод болмаған жер; керек десеңіз темір жол да болмаған; әрине телефон да, радио да жоқ еді.

Ильичтің шын фамилиясы — Ульянов. Көп бертінде ғана, революционер болғаннан былай, конспирацияның қамы үшін, ол ойдап шығарған фамилиямен — Ленин деп жазатын болды, жұрт та солай



В. И. Лениннің (Ульяновтың) гимназияның бірінші класында оқып жүрген кезі. 1879 жыл.

деп атап кетті. Қазір Симбирск, Ильичті есте сақтау үшін, Ульяновск деп аталады. Бұл күнде Ульяновск — ең әуелі оқу орны, онда оқушы жастар көп, Ленин музейінің филиалы бар.

Владимир Ильичтің әкесі Илья Николаевич астраханьдық мешандардан шыққан жай ғана атағы бар қарапайым кісі болған. Ол ауыр жағдайда өмір сүрді, жансалық қауымы дейтіндерге жататындықтан білім алуға жолы жабық болды. Жеті жасында жетім қалды ол, тек әйтеуір бір сонын оқуына деп, тапқан-таянғанын тақырлап беріп баққан ағасының көмегі арқасында, өзінің өзгеше біткен дарыны мен еңбекке деген қажырының арқасында сәті түсіп, Илья Николаевич «ел қатарына қосылды», гимназияны, одан кейін 1854 жылы Қазан университетін бітірді. Ол педагог болып шықты...

Илья Николаевичтің кім болғанын жете түсіну үшін Некрасов пен Панаевтың редакциясымен шығарылып, Белинский, Чернышевский, Добролюбовтар атсалысқан «Современникті» оқып көру керек. Владимир Ильичтің әпкесі Анна Ильинична да, Владимир Ильичтің өзі де Илья Николаевичтің Некрасов өлеңдерін қалай сүйгенін еске алып отыратын. Педагог ретінде, Илья Николаевич, әсіресе, Добролюбовты жанын салып оқыды екен. Педагогтік майдан ол күнде крепостнойшылдыққа қарсы тартыс майданы болатын.

Крепостнойшыл мектепке қарсы Добролюбовтың қандай күрес жүргізгені мәлім. Ол 1861 жылы 25 жасында қыршын кетті. 1857 жылы оның мұғалім беделі жайлы мәселеге арналған «Тәрбиелеуде беделдің маңызы туралы» деген мақаласы басылған. Осы мақалада Добролюбов құлдық, крепостнойшыл қалыптағы мектептің беделін мұғалімнің, педагогтің шәкірттер тарапынан болған құрмет арқасында тапқан беделімен салыстырады. Осы мақалада Добролюбов керкөңіл, мүсәпірлікпен сөзсіз бағынуға жалынды, уытты қарсылық білдірді. «Сөзсіз көңіштік әдеті ерік-қайраттың дамуына қандай кеселді әсер ететінін айту керек бола қояр ма екен?» — деп жазды ол.

Бұл мақалада, бала сөзсіз көнетін болғанда, тәрбиешінің де сөзсіз күнәдан пәк болуы қажет екенін айта келіп, Добролюбовтың жазғаны мынау: «Ал, тіпті, тәрбиеші тәрбиеленушінің жеке басынан әрдайым жоғары бола алады десек (бұл, тіпті, әрине, ылғи осылай бола бермейтін болса да), — сөйткен күнде де ол күллі буыннан жоғары бола алмайды. Жас бала жаңа сферада өмір сүруге дайындалады, оның өмір сүрер жағдайы өз тәрбиешісі білім алған кездегі бұдан 20—30 жыл бұрынғы жағдай емес. Сонымен, әдетте, тәрбиеші жаңа уақыттың өз керегін болжай алмайтыны былай тұрсын, керек десе, тіпті, түсінбейді де, ерсі көреді...

Лениннің әкесі Илья Николаевич жанындай жақсы көрген Некрасов «Добролюбовты еске түсіру» деген өлеңінде ол туралы былай деп жазған:

«..Жан рақатын әдейі талақ қылдың,
Шөллеген жүрегіне сусын бермей,
Арыңның тазалығын сақтай білдің,
Отанға ғашық болып, бейне әйелдей,
Еңбек, үміт, ойынды соған бердің,
Адал жүрек қауымды соған үндей.
Жаңа өмірге және өзін дабыл ұрдың,

Инжумен сәукелесін төгіп зерлей,
 Кәрлі жарға нұрлы ұрмақ дайын қылдың,
 Сылқ егіп дана қалам қолдан түсіп,
 Әттең соқты сағатың тым ертерек.
 Қандай ақыл шырағы қалды өшіп!
 Соқпай қалды, шіркін-ай, қандай жүрек!»

Добролюбов Илья Николаевичтің де адал жүрегін ұйытып әкетті, Илья Николаевичтің Симбирск губерниясындағы халық училищелерінің директоры ретіндегі және өз баласы Ленин мен күллісі революционер болып өрбіген басқа балаларының тәрбиешісі ретіндегі жұмысын осы сезім биледі.


Симбирск губерниясында Илья Николаевич жұмыс істегенге дейін бұл губернияның шаруалары шетінен дерлік сауатсыз еді. Илья Николаевичтің күш салуы арқасында губернияда мектептің саны 450-ге дейін өсті, өзі мұғалімдер арасында орасан зор жұмыс жүргізді. Мектептер бұйрық арқылы оп-оңай ашыла кеткен жоқ: жер-жерге жол жүруге, арба соғып қаржалуға, бекет сарайларға түнеуге, урядниктермен керкілдесуге, шаруалардың жыйындарын шақырғыштауға тура келген-ді. Деревня туралы әкесінің әңгімелерін Илья құныға тындаған. Оның деревня жайында кішкентай күнінің өзінде өзі өте жақсы көретін күтуші әйелден, деревняда өскен анасынан естіген-білгені көп еді.

Бұл Ильяичті деревня тіршілігіне бала жастан ықласымен үңілдірді, бұл оның революционер ретіндегі бар әрекетіне із қалдырды, бұл оған, марксизмді зерттей келе қалың бытыранды шаруалары бар біздің мешеу Россияда да социализм жеңе алатынын ұғынуына мүмкіндік берді, бұл оған біздің ұлы Отанамызды жеңіске жеткізген дұрыс күрес жолын белгілеуге мүмкіндік берді.

Илья Николаевич өмірден қол үзбестен Астраханьда өсті. Халық училищелерінің директоры ретінде, өз әрекетінде Илья Николаевич, Симбир губерниясын мекендегендердің біразының ол кезде «бұратаналар» деп аталатын қалың көпшілікті біліммен қаруландыру мәселесіне айырықша көңіл бөлген болатын.

Мен 1937 жылы Чуваш АССР-ның Батыр ауданындағы Полево-Сундыр орталау мектебінің мұғалімі чуваш Иван Яковлевич Зайцевтен хат алдым. Жасы жетпіс жетіде. Чуваш мектептерінде 55 жыл мұғалім болған кісі. «Еңбек ері», «үздік ағартушы» деген атақтары бар. Белсенді қоғамшыл. Сауатсыздық пен шала сауаттылықты жою жөнінде жұмыс жүргізген; ағарту қызметкерлері одағының председателі болған; сельсоветтің, жергілікті комитеттің және басқалардың мүшесі болып істеген. Ауылшаруашылық статистика жұмысын атқарған, халық санақтарының бәрінде нұсқаушы болған, метеорология станциясында жұмыс істеген т. т.

Иван Яковлевич — жалшы баласы. Сегізден он үш жасқа дейін қаз бағыпты. Оқу дегенде ішкен асын жерге қойған, сол үшін ол, мектепке кірсем деп, әкесінен ұрланып, үйден қашқан. Симбирскіге екі күн дегенде жетеді, оқудың басталуынан кешіге тұрса да, мүсәпір бала деп аяп кеткен Илья Николаевич Ульяновтың арқасында мектепке алыныпты. Иван Яковлевич Зайцев алғашқы өзі мектепке түскен жылы бір жолы Илья Николаевич Ульяновтың арифметика сабағына қалай келгенін аңыз қылады. Илья Николаевич оны тақтаға шақырған; Зайцев



Ульяновтардың семьясы тұрған үй.

мәселе есепті жақсы шығарып, түсіндіріп берген екен. Илья Николаевич: «Жақсы, орныға бар!» — депті.

Иван Яковлевич өзінің хатында былай дейді:

«Түстен кейін шәкірттерге өз бетімен шығарма жазу жұмысы тапсырылды. Мұғалім «Бүгінгі күннен алған әсерім» деген тақырып берді. Оның бержарында ол бізге өзіміздің мектеп өмірінде ерекше маңызды деп санайтын не мәселе туралы жазам десеңдер — еріктерін деді. Бір сөзбен айтқанда, нені жазсаң — оны жаз.

Шәкірттердің бәрі бірнеше минут, лайықты тақырып іздеп, ойланып қалды. Кейбіреулер мектеп өмірінен қызық, күлкілі жайларды еске түсірді, ал бағызыбір улер жанынан ойлап шығаруға тырысты. Маған ұзақ тақырып іздеп отыруға тура келген жоқ, неге десеніз директор Илья Николаевичтің математика сабағында болғаны, оның мәселе есеп шығару жоспарын түсіндіргені есімнен шыққан жоқ-ты. Мен осы туралы жазуға бел байладым.

Мен былай жаздым: «Бүгін, таңертеңгі сағат тоғызда, математика сабағы кезінде бізге директор мырза — Илья Николаевич келді. Мені кластағы тақтаға шақырып, ішінде «гривенник»¹ деген сөз бірнеше рет қайталап келетін мәселе есеп берді. Мен есепті жаздым, оқып шықтым да шығару жолын жоспарлай бастадым. Директор мырза — Илья Николаевич маған жетекші сұрақтар берді, міне сол жерде мен Илья Николаевичтің «р» ге тілі әйтек келмейтінін, «гривенник» деген сөзді «ггивенник» деп айтатынын байқап қалдым. Осы менің көкейіме ұялап қалып, мені еріксіз: «Мен шәкіртпін, сонда да «р» дыбысын дұрыс айта аламын, ал ол директор, сондай үлкен және оқымысты адам, «р» дыбысын айта алмайды, күр «гг» дейді» — деген ойға қалдырды».

Будан әрі мен оны-мұны ұсақ-түйектер жайлы жаздым да, сонымен шығармамды аяқтадым. Кезекші бала дәптерлерді жыйып алып, мұғалім В. А. Қалашниковқа өткізді.

Екі күннен кейін түс ауа сабақ үстінде оқылған мақала бойынша мазмұндама жазылмақшы еді. Дәптерімізді өзімізге қайырды. Бағаларын көріп жапырласып жатқан жұрт. Біреулер қуанышты, енді біреулер онша емес, қуанышын да ренішін де сездірмейді.

¹. Гривенник — он тыйын күміс.

Мұғалім Қалашников менің дәптерімді қасақана алып қалды. Сонсоң дәптерді бетіме лақтырып жіберіп, түтігіп: «Доңыз!» — деді.

Мен дәптерді алдым, ашып қарап, шығарманың қызыл айқыш сызықпен айғыздалып қалғанын көрдім, аяқ жағында тұрған баға — «0» — ноль. Сонсоң қол қойылған. Мен жылап жібере жаздадым. Көзіме жас іркіліп келіп қалды. Жаратылысымда қарапайым, аңқау, әсершіл, шыншыл едім. Өмірі осылай болып өттім.

Жазбаша жұмыс кезінде класқа Илья Николаевич кіріп келді. Біз сәлемдестік те, жұмысымызға кірісе бердік. Илья Николаевич парталарды аралап жүр, кей жерде жұмысқа көз салып, кідіріп те қояды. Маған да жетті. Менің өткен жолғы шығарманың бетіндегі қыйғаш қызыл айқыш пен ноль бағаны көзі шалып қалып, бір қолын иығыма салып, екінші қолымен дәптерімді алып, оқый бастады. Оқып тұрып, жымыйып тұр. Сонсоң мұғалімді шақырып алып, сұрақ берді. «Василий Андреевич, сіз не үшін мына балаға қызыл крест ордені мен томардай картопияны сыйлыққа тарттыңыз? Шығарма грамматика жағынан дұрыс, жүйелі жазылған, жалған, жасанды дәнеңесі жоқ. Ең керегі — адалын жазған және сіз берген тақырыпқа әбден сай келіп тұр» — деп еді.

Мұғалім қысылып күрмеліп қалды, оның шығармасында бастықтар үшін онша ыңғайсыз жерлері бар, тап бір мен өзім... дей бергенде, директор И. Н. Ульянов оның сөзін аяқтатпай, бөліп кетіп: «Бұл шығарма — таңдаулы шығармалардың бірі: Өзіңіз тапсырған тақырыпты оқып қараңызшы: «Бүгінгі күннен алған әсерім» делінген. Шәкірт өткен жолғы сабақ үстінде өзіне не нәрсе ең үлкен әсер еткен болса, нақ соны жазған. Үздік шығарма» — деді. Бұдан кейін ол менің қаламымды алды да, шығарманың аяғына «Үздік» деп жазып, «Ульянов» деп қолын қойды.

Бұл бір оқыйға ешуақытта есімінен кетер емес: ұмытуға болмайтын оқыйға. Илья Николаевич өзінің қаншалық мейрімді, қарапайым, әділ екенін дәлелдеді.

Ильич әкесінің ізін басқан: ол гимназияның жоғарғы класында орыс тілінен артта қалған чуваш жолдасын, университетке түсуге жарайтын еткісі келіп, жыл бойы сабақ беріп жүріп, даярлап шығарған.

Илья Николаевичтің ұсақ ұлттарға деген бұл көзқарасы Ильичтің бүкіл революциялық қызметіне де ықпал етті. ССРО халықтары достығының негізін қалай отырып, Лениннің қандай ересен жұмыс істегені барша жұртқа мәлім.

Мықты ерік-қайрат туралы Добролюбовтың жазғаны бар-ды. Ильичті әкесі осы Добролюбовтың әдістерімен тәрбиелеген. Владимир Ильич гимназияға тоғыз жарым жасында кіріп еді, ылғи үздік оқыды, бітіргенде алтын медаль алып шықты. Бұл оған, көп жұрттың ойындағыша, оңайлыққа түскен жоқ. Өте қунақ еді Ильич. Жүруге, алысқа қыдыруға құмар еді; Волганы, Свияғаны жақсы көретін; суға түсуге, жүзуге құмар-ды; конькимен сырғанауға құмар болатын. Бірде маған әңгіме қылып: «Жанымдай жақсы көруші едім конькиді, бірақ оқуға бөгет жасайтынын көрдім де тастадым» — деген Ильич. Ол кітап оқуды сұмдық жақсы көрді, кітаптар оны қызықтырып, еліктіріп, тартып әкетті; оған кітаптар өмір жайын, адамдар жайын шертті, оның өресін кеңейте берді; ал гимназия оқуы болса — дәмсіз таптық,

нәрсіз жасық еді; нешестүрлі керексіз көр-жерді жаттап отыру үшін өзінді өзін байлап ұстау керек болатын, бірақ ол өзінің ылғи ұстанатын тәртібімен: әуелі сабақтарын үйреніп алып, сонсоң кітап оқуға кірісетін-ді. Өзін-өзі қатты ұстады. Уақытты үнемдеді. Оқып отырғанда бар ықыласы соған салып жіберетін де, сол себепті өте жылдам оқыйтын. Өзі үшін кітаптардан үзінділер көшіріп алатын-ды, жазуға уақытты аз жұмсауға ұмтылушы еді. Ильичтің жазуын көрген адам оның сөздерді өзінше қалай қысқартатынын біледі. Соның арқасында ол өзіне керекті өте шапшаң жазып алатын.

Өз ерік-қайратын берік шыңдады ол. Айтса болды, — орындайтын. Оның сөзіне сенуге болатын еді. Ол ертеде бір, бала күнінде, әлде-қалай шылым тартып байқаған. Бір орайда оның шылым тартып жүргенін көріп қалып, анасы Мария Александровна қатты қынжылыпты, «Володяшым, таста шылымды» — деп қыйылыпты. Ильич тартпасқа уәде берген және содан былай папиросты бір рет қолына ұстаған емес.

Илья Николаевич, Владимир Ильичтің бой салып, жақсы оқуына назар аудара отырып, сөйтсе де оны Добролюбовтың талап еткені сыяқты, мектепте неменеге және қалай үйретіп жүргендеріне саналы көзбен қарауға баулығын деді.

В. В. Кашкадамова әңгімесіне қарағанда, Илья Николаевич Ильичті өмірге үңілуге үйреткен, сөйте отырып, класта Ильич мұғалімдерді, мәселен, Француз тілі мұғалімі Порды келемеж қылуды шығарған кезде, Илья Николаевич оны тоқтатқызып, мұғалімдерге, тіпті, сабақ беруінде елеулі кемшіліктері бар мұғалімдердің өзіне де тұрпайы көзбен қараудың жолсыздық екенін айтқан. Содан Владимир Ильич өзін-өзі тежеп отыратын болыпты.

Балаларға Добролюбовша қарағандық Ильичтің бойына және бір қасиет — өзіне де, өз қызметіне де іс мүддесі тұрғысынан қарай білу қасиетін бітірген. Ильичті ұсақ өзімшілдіктен аман сақтаған — осы қасиет еді.

Илья Николаевич, кісінің өзіне өзі қатал болуының үстіне, балалардың адал болуын айырықша бағалағандығы, балаларды адалдыққа баулу үшін ұмтылғандығы Зайцевтің естегілерінен де көрінеді. Адалдыққа тәрбиелеудің аса маңыздылығы туралы Добролюбов жазып еді. Ильичке ерекше тән қасиеттердің бірі адалдық болады.

Он төрт-он бес жас кезінде Ильичтің көп оқыған және құмартып оқыған адамы — Тургенев. Ол кезде Тургеневтің махаббаттағы адалдық туралы мәселе қойылған «Андрей Колосов» атты әңгімесін өте ұнаттым деуші еді маған ол. «Андрей Колосов» ол жылдары маған да өте ұнаған болатын. Әрине, мәселе, ондағы суреттелген секілді, оңай шешіле салмайды, әңгіме жалғыз адалдықта да емес, адамға қамқорлық та, назар да керек, бірақ айналадағы мешан тұрмысында сол кездің өзінде де көп жайылған есепті некелерді, тым зор арамдықты көруімізге тура келіп жүрген жасөспірім біздерге «Андрей Колосов» ұнаған болатын. Сонсоң бізге керемет ұнаған — Чернышевскийдің «Не істеу керекі?». Ильич оны тұңғыш рет гимназия жылдары оқыған. Біз Сибирьде осы тақырыпты сөз еткенде Ильичтің Чернышевский бұл романының егжей-тегжейіне дейін білетіндігіне таңқалғаным есімде. Оның Чернышевскийге әуестігі осы романның басталды.

(Жалғасы бар).

ТЫҢДАҒЫ МЕРЕСЬЕВ

Бізді әкеле жатқан «ЗИС» машинасы саздау жерге келгенде төрт табандап батты да қалды. Батпақтан шығарып алу оңайға соқпады, машинаны әрі итердік, бері итердік, донғалағының астына қараған, жусан төседік, не керек, түк шықпады, сортаң жер сағынып кіріскендей машинаны жіберетін емес.

Әбден қалжыраған жолаушылар шөптесін бір алаңқайға шықтық. Аяқтың батпағын сілкуге шамамыз келмеді.

— Бұл жаққа қанық емес екендіктерің көрініп-ақ тұр,— деді жолаушылардың бірі. Ол тегі есепші болу керек, машинаны олай-бұлай қозғау үстінде де қопсыған қағазға толы портфелін қолынан тастамады.

— Жастар, сыңар езулеп, өз айтқандарыңнан басқаға көнбейсіндер, мынау саздақтан айналып өтуге болмайтын ба еді. Жапан дала жазық көрінгенімен жол кесіп өте бермейді.

— Күтейік, тағы бір машина келер, алып шығар батпақтан,— деді байыппен «Целинный» совхозына менімен бірге бара жатқан Иван Михайлович Митченко деген бригадир жігіт.

— Баска не лаж бар, күтесің де еріксізден,— деп күбірледі есепші.— Көкейімде жүрген бір сөз бар, айтпаска болмады. Біздің жастардың ішінде шаруаға қыры бары шамалы. Барлығы да тез, шапшаң іске әзір де, одан арғыны қадірлемейді, бір нәрсені ойлап, толғап бітіруге келгенде босбелбеу, босаң соғады.

— Қойыңыз, о не дегеніңіз. Жастар, әсіресе, тыңға келген жастар жалын атқан жігері бар, тепсе темір үзгендей батыр да, батыл да емес пе.

— Несіне шамданаңыз? Сіз бен біз біраз дүниені көрдік қой. Егде тартқанда еріксіз жалған сөйлеп не көрініпті. Жастар баяғының жастары емес. Ойына келгенін істеп бағады. Көрші совхоздан бізге кино көруге трактормен келетініне не дерсің.

— Бір рет байқаған шығарсыз. Бұдан жанылыс қорытынды жасауға болмайды. Мен баска бір әңгіме айтсам қайтеді. Құлақ асасыз ба?

— Тәйірі, сөз сапырмағанда не қалды, айтыңыз. Бірақ мені иландыруыңыз қыйынға соғар,— деді өз ойына әбден бекінгендей, алғашқы кейпін өзгертпеген есепші.

Әңгіме басталды.

— Есіл бойындағы тың алқапта тұңғыш қоныс тепкен жастардың ішінде сонау Херсоннан келген Шариков Қостя деген бір жігіт болды. Менің трактор бригадасын жаңа ұйыстырып жатқан кезім еді, ол бір көргеннің өзінде-ақ маған қатты ұнап кетті. Жарқын жүзді, жадыранқы мінезді, өнерлі жігіт екенін алғаш кездескеннен аңғартқан Қостя алдыма документтерін жайып салды. Қарасам, тракторист, комбайншы мамандықтарын бір өзі меңгерген. Қолынан келмейтіні жоқ сыяқты. Расы солай. Коллективтің көңіл ашары да Қостя болды. Тапсырған жұмыс тындырылып жатты.

Совхоздың іргесін қалап, жемісті іске кірістік. Әрине, алғаш бетте қыйындық аз болған жоқ. Мамандығымыз тракторист болғанымен, қара жұмысқа көбірек араласуға тура келді.

Жаңа совхозға жыйнамалы үй әкеліп тұрғызу керек, егін ору, астық тасу... не дейсің, көп салалы шаруашылық. Осының бәріне белсене араласқан Қостя жұртшылыққа бұрынғыдан да сүйкімді, бұрынғыдан да ыстық көрінді.

Тіпті жақындасып кетсек те, Қостяның өмірбаянымен жете таныспаппын. Еміс қана естігенім: ата-анасынан ерте айрылып, жетім қалғаны, туған-туысқанының жоқтығы. Бізде жетімдік бар ма, оған мән берген мен жоқ.

Совхозға әкелген бірінші тракторға Қостяны отырғыздық. Оған өзі де мәз-майрам. Көктемнің алғашқы күндерінде тың айыруда аздап артта қала берді. Көп ұзамай-ақ қатарға қосылды, ол-ол ма, озық механизаторлардың тізімінің басына Қостяның аты ілікті. Шаршамады да, талмады да, Қостя Шариковқа тенеліндер,— деп оны мысалға ала бастадық. Жанармайды үнемдеуде, жер қыртысын қопару жоспарын орындауда, тракторды күтімді ұстауда Қостя Шариковтан артық ешкім болмады.

Күндердің бір күні екеуміз жыйнамалы үйлерді алып қайтуға Есіл станциясына бардық. Кешке дейін артынып-тартынып, станциядан жаңбырда аттандық. Орта жолға келе бере машинамыз тағы да батып қалды. Машинаны артынан да, қабырғасынан да итереміз. Қостя артқы донғалақтан итерме-



лейді, оған ілесе мен борттан итеремін. Бір мезетте карасам, ол отыра қалып, жол жиегіндегі орға жантая кеткені.

— Не болды? — дедім айғайлап.

— Ақырын, Иван Михайлович, аяғым сынып қалды, — дейді. — Балғаны әперіңізші маған, ол — ана борт астында, сіздің қасыңыздағы жәшікте болатын.

— Не-ме-не?

— Протезім сынды.

Мен жүгіріп қасына келгенде ол етігінен шалбарының балағын тартып шығарып, қонышын жымырып төмен ысырғанда жарқыраған металл көрінді. Жанына отыра қалып, құшақтай алдым.

— Бұрын неге айтпағансың мұны? — дедім.

— Айтпағанның несі бар?

— Несі барың қалай? Протезбен жүру өзіңе қыйын емес пе?

— Үйреніп кетіпін, өз аяғым секілді. Аяғым ауырады деп айтқан болсам, мені барлығыңыз қорғаштап, ылғи жылы жерде ұстар едіңіздер.

Константин протезін жөңдей сала машинаға отырды. Бір жұлқынып батпақтан да шықтық. Біздің Шариковтың нағыз адам екенін жұрт біліп те қойды.

Бір күні онаша отырғанымызда ол маған өз өмірін әңгімелейді. Шынында да мұның туыстары болмапты, соғысқа дейін әке тәрбиесін көрмепті, шешесін немістер азаптапты. Соғыстан кейін оқыс жағдайға ұшырап,

аяғынан айрылыпты. Ауруханадан шыққанда сылтып басады екен, комбайнерлер курсына түскенде мұның аяғы протез екенін ешкім андамапты да.

— Бастапқы кезде жүруім қыйын-ақ болды, палата ішінде аяндап жүре бастасам көзімнен от ұшқындайды, — дейді. — Маресьев туралы кітапты оқыдым да, мүгедектікке көнбесің деп өзіме өзім сөз бердім. Көнбегенімді, міне, енді өзіңіз де көріп отырсыз.

Біздің серігіміз бетін бригадирге беріп отырғалы едәуір боп қалған. Ұмытқан портфелі анадай жерде жатыр.

— Ал, ол қайда істейді қазір?

— Бұрынғысынша, сол «С-80» де істейді. Онымен сіз әлі аздап таныс болып шығасыз.

— Қалайша? — деген бухгалтер біздің аяғымызды күдіктене шолып қойды.

— Ол протез мастерскойынан жаңа протез жіберулерін сұрады, ескісінің өзін әрең көтеріп жүретін. Мастерскойдың тез жібере қоймағаны. Оған Надя деген бір достың тап бола кеткені, өзінде тіркеуші болып істейтін оп-онды қыз. Солай қарай жүретін машинамен киноға барайық депті ол Надяға. Он бес километр жүру керек, ол әжептеуір жер емес пе. Тап жүргелі тұрғанда қас қылғандай — шафердің айнып қалғаны. Ентелей басып Константин маған келді де:

— Жаяу жете алмаймын. Бармай калудың қалай болатынын өзіңіз де білесіз... Әлде трактор бересіз бе? Ертең бәрі бір госфонды жерін жыртамын ғой, бұл — солай қарай баратын жолдың үстінде. Тракторды да бір жола жаңа алқапқа апарып тастайын, — деді.

Ойландым да, рұқсат еттім. Со жолы ғой сіздің оны көргеніңіз.

Үндеспей ұзақ отырдық. Қайсымыздың болсақ та жан дүниемізді: Костя туралы әрі жарқын, әрі қуанышты ой биледі. Айдаланың көкжиекке барып тұтасқан жерінен аппақ қып машина көтерген шайды көргенде де сол ойда отырғанбыз.

— Сіз, жастар бұрынғы жастардай емес дедіңіз. Мен болсам, кексе тартқан адаммын, сөйткенмен, сол жастардан кейін қалмайын деп тырысып келемін. Шариковтың қасында жүргенде өзімді қарулы да, жас та сезінемін.

Иван Михайлович өзімізге жақын келіп қалған машинаға қарап бірінші болып аяндады.

Михаил Митько

И. В. Мичурин

(Туғанына 100 жыл толуына)

27 октябрь күні 1955 жылы материалистік биологияны жасаушы, ұлы табиғатты өзгертуші совет ғалымы Иван Владимирович Мичуриннің туғанына 100 жыл толды. И. В. Мичурин Рязань губерниясы, Прон уезі, Долгое деревнясында туды. Прон уездік училищесін бітіріп, 1869 жылы ол Рязань гимназиясына түседі. Бірақ көп ұзамай «бастыққа бас имегендігі» үшін онан шығарып тастайды.

Сонан кейін 1872 жылы ол Қозлов (Мичуринск) темір жолы станциясына конторшы болып кіреді. Осы кезден бастап жұмыс жағдайының қиындығына, алатын жалақысының аздығына карамастан, Мичурин өзінің өмірін жемісті өсімдіктерді өсіру ісіне сарп ету жолындағы арманын орындауға кірісті.

Ол, ең әуелі, тұратын үйінің жанындағы кішкене участкада сұрыпталған алма, алмұрт, кара өрік және шие ұрығынан өсімдіктер өсірді; осымен қатар, Россияға және жер жүзіне арналған жемісті және жидекті өсімдіктердің сорттарын зерттеді.

Ол 1875 жылы Қозлов қаласында бос жатқан кішкене усадьбаны (көлемі — 130 шаршы сажин) арендаға алып, тамаша тәжірибелеріне кірісті. Бірақ көп ұзамай бұл тәжірибе участогі жұмысқа тарлық етіп, 1882 жылы Мичурин басқа үлкенірек участкаға арендаға алады, соған барлық өсімдіктерін көшіреді. Мичурин бүлдіргеннің және шиенің бірінші сорттарын осы участкада шығарды. Бірақ Мичурин қанатын жайып зерттеуді 1888 жылы, қаладан 7 километр жердегі арендаға алған 13 десятиналық участогінде ғана жүргізе алды. Мичурин 1875—1877 жылдары орталық және солтүстік Россияға жемісті өсімдіктердің жақсы түрлерін ендіру ісімен шұғылданды. Бұнда Мичурин сол кезде пропагандаланып жүрген Греллдің әдісін пайдаланып, жемісті өсімдіктердің он-



түстікте өсетін сорттарының бұтағын алып келіп, жергілікті жеміс ағашына ұластырды. Бірақ бұл әдіспен өсірген өсімдіктер бірнеше жылдан кейін, қатты қыс түскен жылы құрып кеткен. Сонымен Мичурин бұл әдіспен өсімдікті көндітіруге болмайтынын анықтаған. Бұнымен қатар көндітіру ісін жүзеге асырудың дұрыс жолын ашты; ол тұқым-ұрық егуден болмағанда, 2—5 жастағы өсімталды көшіруден бастау. Осы әдісті қолданып, Мичурин оңтүстіктен солтүстікке қарай көшіріп ұрық егу арқылы «Северный абрикос» және «Первая ласточка» деген сорттарын шығарды.

Жаңа сорттарды қысқа мерзімде шығару үшін Мичурин өсімдіктердің сорттарын, түрлерін будандастыруға көшті. Бұл жұмыста будандастыруды, ата-ана мен ұрпақты жоспарлы тәрбиелеуді ұштастырып жүргізді. Нәтижеде Мичурин буданның, әсіресе, өсімдіктердің географиялық алыс түрлерін будандастырғанда шыққан буданның қатан жағдайға көнгіш болатынын көрсетті.

Сонымен Мичурин бұрын болмаған будандастырудың теориясын жасады. Қорытып айтқанда, Мичуриннің еңбектері биологияның дамуында жаңа дәуір туғызды, олар жалпы биологиялық теорияның негізін салды. Ол теория Мичурин ілімі деген ат алды.

Мичуриннің биологиялық ілімі ғалымдар мен практиктердің, өсімдіктердің адамның тілегіне сәйкес табиғатын өзгерту және олардың түсімін молайту жолындағы творчестволық іске қаруландырады. Осы қарумен пайдаланып біздің ғалымдар мен практиктер өсімдіктердің жаңа өнімді сорттарын шығарды, өсімдіктерден мол өнім алуды бұқаралық іске айналдырды. Бұл игілікті істе біздің жас буындарымыздың ролі үлкен.

Ғ. Бияшев,

Биология ғылымдарының докторы

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АНТОНИМДЕР

Т

іл — қарым-қатынас жа-саудың, сөйлесіп пікір алысудың құралы. Сөз байлығын жете білудің орасан зор маңызы бар.

Тіліміздің сөздік құрамындағы сөздер дыбысталуы мен тұлғасы жағынан да, мағнасы жағынан да алуан түрлі болып келеді. Тілдегі бірсыпыра сөздерлі дыбысталу мен мағнаның бір-біріне қарым-қатынасына қарай омонимдер, синонимдер, антонимдер деп, үш топқа бөлуге болады.

Дыбысталуы бірдей, бірақ мағнасы басқа-басқа сөздер омонимдер деп аталады.

Омонимдерге акын Х. Ерғалиевтың өлеңдерінен алынған мына бір үзінді мысал бола алады:

Елсіз дала бейне үйдің нақ қасы

Биледі олар қырау шалып ақ қасы.

Осы келтірілген үзіндідегі «қасы» деген екі сөздің дыбысталуы да, тұлғасы да бірдей болғанмен, мағналары бір-біріне ұқсамайтын, басқа-басқа сөздер. Осы тәріздес «күй, мін, біз, жас» деген сөздердің де әрқайсысы омонимдер болып табылады.

Ал, синонимдер болса, олар омонимдерден тіптен басқаша. Омонимдер дыбысталуы бірдей, мағналары басқа-басқа сөздер болса, синонимдер дыбысталуы да, тұлғасы да әртүрлі, бірақ мағналары бір-біріне жақын, өзара мәндес сөздер болып табылады. Мысалы жақында деудің орнына, кейде ыңғайына қарай, таяуда деп те, жуықта деп те айта береміз. Сондай-ақ, төңірек деудің орнына ретіне қарай айнала, маңай, түс деген сөздердің бірін қойып айтуға болады. Өйткені бұл сөздер мағналы жағынан бір-біріне жуық, өзара мәндес сөздер.

Ал, антонимдер деп мағналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді атаймыз. Біз бұл мақалада сөздердің жоғарыда аталған түрлерінің бірі — антонимдерге тоқталайық.

Қарама-қарсы ұғымды білдіріп, антоним болатын сөздерге төмендегідей сөздер мысал бола алады: ашы — тұщы, өмір — өлім, жеңіс — жеңіліс, жоғары — төмен, бар — жоқ, ұзын — қысқа, тату — араз, қас — дос, өтірік — шын, арзан — қымбат, кәрі — жас, жақсы —

жаман, адал — арам, ашық — жабық, жаңа — ескі т. б.

Бір-біріне қарама-қарсы құбылыстарды салыстырып, қайшы айтуға антонимдер ерекше қызмет атқарады. Қазақ тіліндегі антонимдер алуан түрлі.

Көбінесе, антонимдер санды, сапаны білдіретін сөздерден болады. Мысалы; ақ — қара, жақсы — жаман, ыстық, — суық, оң — теріс, жуан — жіңішке, арық — семіз, ауру — сау, асау — жуас, аш — тоқ, түзу — кыйсық т. б.

Бірсыпыра антонимдер адамның көңіл күйі, мінез-кұлқы, жағдайы, өмірі және адамдардың ара қатынасымен байланысты ұғымдарды білдіретін сөздерден болады. Мысалы: сүйіну — күйіну, қуаныш — реніш, алғыс — қарғыс, дос — қас.

Уақыт ұғымы, сондай-ақ, кеңістік ұғымымен байланысты кейбір сөздер де қарсы мәндес болып келеді. Мысалы: қыс — жаз, күн — түн, ерте — кеш, ілгері — кейін, жоғары — төмен, шығыс — батыс, кең — тар, алыс — жақын т. б.

Қ

арама-қарсы ұғымдарды салыстыруда, оларды бір-біріне қарама-қарсы қойып шендестіруде және осы тәсіл арқылы айтылатын ойды ашық, айқын етіп түсіндіруде антонимдерді қолданудың айрықша мәні бар.

Осы қасиетіне байланысты болса керек, антонимдер, әсіресе, мақал-мәтелдерде жиі кездеседі. Мысалы:

ҮЙРЕНІП АЛ

Быйыл алған Ажардың
Бір пальтосы бар еді,
Өзі шап-шақ бойына,
Түсі сондай әдемі!
Ойнап жүріп бір күні
Үзіп алды ілгегін.
Біздің Ажар білмеді
Мамасына не дерін.
Мамасы айтты қызына:
— Үзген өзің, қадап ал.
— Білмеймін ғой...
— Талаптан, үйрен көріп,
қарап ал!

Ж. Набиуллин.

1. Ағаш кескен, ұзын кес,
Қысқартуың оңай;
Темір кескен, қысқа кес
Ұзартуың оңай.

2. Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,
Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады.

3. Көз — қорқақ, қол — батыр.

4. Ащы мен тұщыны татқан білер,
Алыс пен жақынды жортқан білер.

Антонимдер жұмбақтарда да кездесе береді. Жаратылыстағы бір-біріне қарама-қарсы келетін құбылыстарды жұп-жұбымен жыйнақтап айтудан туған мына бір жұмбаққа және оның шешуіне назар аударып көріңдер.

Түбі мықты жаралған сегіз батыр,
Баяғыдан соғысып келе жатыр.
Кезек-кезек жығысып жатып,

тұрып,
Кім жеңері белгісіз түбінде ақыр.

Бұл жұмбақтың шешуі: қыс — жаз, күн — түн, дақ — жұп, жақсылық — жамандық.

Жұп-жұбымен келген бұл шешінділердің әрқайсысының құрамындағы сөздер өз ішінде бір-біріне антонимдер болып табылады.

Осы шешуді акын Абай тамаша тапқырлықпен төмендегідей өлең түріне келтірген.

Мұны тапсам, ойланып, акын деңіз,
Таба алмасам, ақылды болар неміз.
Қыс пенен жаз, күн менен түн,

тақ пен жұп,
Жақсылық пен жамандық —
болды сегіз.

А

қын, жазушылар шығармаларында антонимдерді қолданғанда, қарама-қарсы құбылыстарды салыстырып, шендестірудің (антитеза) бір тәсілі ретінде қолдана білу ойды айқын, түсінікті және өткір етіп айтуға, көркем сөйлеуге үйретеді. Антонимдерді халықтың мақал-мәтелдерінен, акын, жазушылардың шығармаларынан молынан кездестіруге болады. Сендер де оларды үйреніп, жазуда, не сөйлеуде неғұрлым орынды қолдана білсеңдер, соғұрлым айтайын деген ойларың әрі өткір, әрі түсінікті, әрі ажарлы болып шығады.

Кәкен Аханов.

Жақсы қызығушылар мен жаман спортшылар

Спортты кім жақсы көрмейді дейсің. Мен де жақсы көремін. Бірақ менен де көрі Тәліпжанды айтсайшы!

Екі оқушының басы қосылған жерде Тәліпжанды кездестіресің. Әңгіме өзінен-өзі туындайды. Әрине, әңгіме әдеттегісінше спорт жаңалықтары жайлы ғой.

Ол қай жерде қандай футбол матчы болып, кімдер кездескенін я болмаса атақты жеңіл атлетшілердің соңғы табыстарын бес сау-сақтай санап береді. Сондықтан болу керек, Тәліпжанды жолдастары «Спорт жаңалығы» деп атап кетті.

Алғашқыда құрдастарының бұлай «атақ» таққанына Тәліпжан ренжіп те, ашуланып та жүрді. Тіпті, бірнеше жеті бойы ол ешкімге жаңалық айтпауға серт берді де. Дегенмен, оның серті ұзаққа бармады. Тәліпжанды тыншытпайтын бір жай бола қалды.

— Балалар, білесіңдер ме, Алматы маңындағы атақты «Искра» мұз айдынында Одақ бойынша бірінші орын алу үшін еліміздің күшті конькишілері жарыс өткізеді,— деді ол бір күні сабақ басталар алдында асыға сөйлеп. Бұл хабар шындығында жаңалық еді.

— Оны кім айтты? — деді Әділек.

— Мен айттым, маған радио айтты. Өзің радионы да жөнді тыңдамайды екенсің ғой,— деп Тәліпжан Әділекті кіналай сөйледі.

— Тәліпжан дұрыс айтады. Жарыстың болатыны анық. Оны мен де естідім,— деп Тұрғынбай да сөзге араласты. Мұнан кейінгі әңгімені Тәліпжан өзі қыздырып әкетті.

— Бұл жарыс өте қызық болады. Өткен жылғы чемпиондар быйыл өз орнын сақтап қалу үшін бар күшін жұмсайды. 5000 метрден 7.45,6 секундта келген Борис Шилковты айтсайшы, Вера Кондакова, Римма Жуковалар, шіркін, мұз жолының тұлпарлары ғой.

— Быйыл Халида Щеголеева да қатысатын болар. Вера мен екеуінің қайсысы бірінші орынға шығар екен? — деді кішкене Төребек жолдастарына.

Балалар ұзақ әңгімелесті. Әсіресе, футболшылар жайында сөз қозғалғанда Тәліпжан тіпті еркіндеп кетті.

— Біздің Алматының «Урожай» командасы нашар ойнайды. Өз тобындағы күшті командаларды жеңіп кетеді де, кейбір нашар командалардан ұтылып қалады. Одақ бойынша ең күшті команда Орталық офицерлер үйінің командасы ғой. Әне, ойыншылар деп соларды айт,— деп білгіштігін тағы көрсетті.

Тәліпжанның айтқаны дұрыс та еді.

Міне, осындай білгіштігіне қарағанда Тәліпжанға сүйсінесің. Сүйкімді бала, спорт жаңалықтарын жақсы біледі. Барлық спорт мастерлерін, чемпиондарды жатқа атайды. Мүмкін, өзі де мектепте жақсы спортшы болар деген ойға қаласың. Ол жүгірсе алдына жан салмас, бұдан биік ешкім секірмес, бұл жүзсе қол ұшынан су шашырамас, бұл шаңғыға отырса, жел де ілеспес деп ойлайсың. Мүмкін, солай да шығар. Бірақ... мәселе осы «бірақта» жатыр.

Көктем күндерінің бірі. Мектеп оқушылары спорт алаңын жабдықтап жатты. Олардың ішінде Тәліпжан да жүр еді. Ол спорт жаңалықтарын айтуды неге ұмытсын, әдетіне тағы басты.

— Түу, Тәліпжан-ай, сенің жаңалықтарың да, чемпиондарың да таусылмайды екен. Одан да алақтай бермей, жұмыс істесеңші,— деді звено вожатыйы Меңсұлу ренішті түрде. Оның сөзіне маңындағы оқушылар ду күлді.

— Несі бар, мен айтсам, атақты спортшыларды айтам. Сен сыяқты спорттан түк хабары жоқтар жайында сөйлеген жоқпын ғой!— деп Тәліпжан ашулана қалды.

— Меңсұлу дұрыс айтады. Спортты жаңындай сүйесің. Барлық жаңалықтарын білесің. Бірақ өзің спорт секцияларының біріне де қатыспайсың,— деді Тұрғынбай.

— Онда жұмысың болмасын. Сен дружина чемпионымын деп мақтанамысың, мақтанбай-ақ қой. Бәрі бір Ануфриевтей Бүкілодақтық рекорд жасай алмайсың. Ол 1000 метр қашықты 29.10,6 секундта жүгіріп өткен,— деді Тәліпжан бастырмалата.

— Мен күшті спортшылармен таласпаймын. Жалғыз-ақ, менің білетінім олар да спорт жолын жас кезінен бастаған,— деп Тұрғынбай сөз бітті дегендей бұрылып кетті.

Міне, біз сөз етіп отырған «Красная звезда» жетіжылдық мектебінің кейбір оқушыларының спортқа деген «күштарлығы» осындай. Әсіресе бұл Тәліпжанның басынан көп байқалады. Бұлар жүгірсе «уһлеп» өкпесін басады, күрессе жығылады, тізесінен асқан суға түсуге қорқады.

Балалар, мүмкін, сендердің араларыңда да осындай оқушылар бар болар.

Енді сөз солар жайында. Олар сөзден іске қашап көшер екен?

А. ҚАЗЫБАЕВ.

Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы.



НОЯБРЬ

Ноябрьді күз айы деуге бола ма?

Бұны мақұлдай қоймайтын ел көп болар. Өйткені ноябрь айында байтақ еліміздің бірсыпыра жерінде қар жауып, солтүстік аймақта қыс әбден бекиді. Тіпті ноябрь ішінде Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарының бірқатарында да қар жауып, қыс түседі. Балалар алғашқы қардың үстінде ойнап та үлгіреді.

Сен жауған қарға қарап, оның түрін айырып көрдің бе? Қар жұлдызшаларының түрін айыру онша оңай болмайды. Өйткені жай көзге ол анық көрінбейді, көруге болар еді-ау, бірақ қолға ұстасымен еріп кетеді, жерге түссе, жердегі қардың үстіне түседі де, түрін айыруға онша мүмкіндік бермейді. Қар жұлдызшаларын үлкейткіш шыны арқылы анық көруге болады. Олардың негізгі түрлері мына суреттегідей.



Қар қалың жауған кезде жер бетінің кедір-бұдыры тегістеліп, бұталардың бастары ғана сарайып көрінеді. Жер беті тегістей ақ ұлпа жамылады. Ноябрьде қоян мен құр түлеп ағарады. Олар қар түстес болады да, ешкімнің көзіне түсе қоймайды. Бұл — қоян мен құрдың өлімнен сақталуына бірсыпыра себін тигізеді. Бірақ бұл кезде ақтышқан да жүнін тастап, ақ түске енеді. Қар түстес болу — қоян мен құр үшін қорғанудың амалы болса, ақтышқан үшін шабуылға шығуға қолайлы. Егер қар түстес болмаса, полярдың ақ түлкісі

ала шыршықты ұстап жей алмас еді. Қар түстес түлкі ақырын таянып келеді де шыршықты бассалады. Сөйтіп қар түстес болу — қыста бір аңға пайда болса, бір аңға зыян.

Күз күндерінде де, әсіресе, ноябрь айында, желсіз ашық күндер болады, күн сәулесін мол түсіреді, кейде көктем келіп қалған сыяқтанады. Бірақ бұл кезде мол түскен күн сәулесінің қар мен ағашқа әсері болмайды. Егер ноябрь күнінде ағашты суға салып күтсең, ол бұтақ жаймайды. Ал, сол ағашты февральда суға салып көр, ол кешікпей көктей бастайды.

Мұны тәжірибе жасап байқауларыңа болады.

Күз айларында ағаш бойындағы крахмал қоры қантқа айналады. Сондықтан бұл кездегі ағашта тіршілік жазға қарағанда аз болады да, ол ағаш қысқы суыққа шыдамды келеді.

Күз түндерінде Сирус жұлдызы анық көрінеді. Сирус жұлдызы жайында біз журналдың январь айындағы номерінде жеткілікті айтқанбыз. Оны ноябрь түндерінде оңтүстік-шығыс жақтан көруге болады, ол кеш шыққанмен, төмен тұрғандай сезіледі.

Сирус жұлдызын басқа жұлдыздармен шатастырмай оңай айыруға болады. Ескі арабтар оны «Мың түсті жұлдыз» деп атаған. Шынында да Сирус — өте ашық, жарық жұлдыз. Бірақ онымен қатар тұратын Сирус — В жұлдызын зерттеу жоғарғы жұлдызға қарағанда әлдеқайда қызық. Сирус — В жұлдызын жай көз түгілі телескоппен көру де қыйын. Өйткені ол Сирус — А жұлдызының өткір жарығына көміліп, көзге түспейді.

Сирус — В жұлдызының артықтығы неде?

Сирус — В өзінің үлкендігі жағынан да шағын. Ол күннен бірнеше мың есе кіші, ал жерден үш еседей ғана көлемді. Бірақ ондағы зат тығыздығы судың тығыздығынан отыз мың есе үлкен. Сирус — В затына толған сіріңкенің қорабын көтеру үшін бір жүк машинасы керек болар еді. Кейінгі кезде ашылған жұлдыздардағы тығыздық бұдан да көп. Ван — Маанена жұлдызы көлемі жағынан жерден кіші, бірақ ондағы бір жаңғақ бір тонна тартады.

Денешіне

УАҚЫЛБЕГДА



ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының осы жылы 8-номеріндегі жұмбақтардың, криптограмманың, кроссвордтың, ребустың шешулері:

КРИПТОГРАММА

«Орысша оқу керек... Мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста».

ЖҰМБАҚТАР

1. Қірпі.
2. Телефон.
3. Қайшы.
4. Қазан-ошақ.

РЕБУС

«Бастаған істі тастама».

КРОССВОРД

Тігінен:

1. Пекин.
3. Памир.
4. Висла.
6. Симонов.
7. Синоним.
10. Акт.
14. Темза.
15. Сағат.
18. Спорт.

Көлденеңінен:

2. Сен.
 5. Калинин.
 8. Химия.
 9. Алжир.
 11. Дон.
 12. Ока.
 13. Қол.
 16. Конев.
 17. Калинин.
 19. Азаптау.
 20. Ара.
- Дұрыс шешуін бірінші жібергендер:
Л. ШОҚПАРОВ, Ө. АЙСАУЫТОВ, К. СЫДЫҚОВ, Ә. ЖАЛҒАСБАЕВ, Ж. ДӘКІБАЕВ. (Ақтөбе қаласы),
Б. АЙМҰРЗАЕВ, Ж. ДОНТАЕВ. (Оңтүстік Қазақстан облысы).


ОРЫС ЖҰМБАҚТАРЫ

1. Тілейді оны, күтеді,
Ол келсе жұрт үркеді.
2. Батпақта отырып жылайды,
Батпақтан кетуге қыймайды.
3. Алтын елеуші,
Іші толған маржан.
4. Бірінші құяды,
Екінші ішеді,
Үшінші өседі.
5. Қанаты бар, ұша алмайды,
Аяғы жоқ, ұстатпайды.
6. Ұшса — ұлғыйды,
Қонса — жер шұқыйды.

КРОССВОРД


Тігінен:

1. Газ.
2. Географиялық термин.
3. Волганың саласы.
5. Жыл мезгілі.
9. Ауылшаруашылық машинасы.
10. Документ.
12. Сұйықтықты айдайтын аппарат.
13. Коллективтің белсенді адамдары.
21. Адам есімі.
22. Орыстың ұлы жазушысы.
23. Планета.
25. Жыл мезгілі.



БҮЛ ҚАНДАЙ НӘРСЕЛЕР?

Мына суреттерден сендер өздеріңе жақсы таныс үш нәрсенің проекциясын көріп отырсыңдар. Бұл қандай нәрселер?




Көлденеңінен:

4. Грамматикалық термин.
6. Документ.
7. Дала.
8. Географиялық термин.
11. Физикалық құбылыс.
14. Ай.
15. Кенсе жабдығы.
16. Одақтас республика астанасы.
17. Бір жеті.
18. Әң сазы.
19. Химиялық элемент.
20. Ұран.
24. Өндірістегі маман.
26. Қойдың түрі.
27. Жауын-шашын.
28. Орыстың ұлы жазушысы.


М. ЖАЗЫЛБЕКОВ.
Жамбыл ауданы.

12 ШЫРПЫ



Осы суретте 12 шырпыдан өзара тең төрт квадрат жасалған. Осы шырпыларды орнынан қозғап, осы 12 шырпымен өзара тең 6 квадрат жасау керек. Мұны қалай істеуге болады?

Ж. ШАЯХМЕТОВ.
Көкшетау қаласы.



МУЗЫКАЛЫҚ ЧАЙНВОРД

1. Садық Кәрімбаевтың әні.
2. Тәттібеттің күйі.
3. Дәулеткерейдің күйі.
4. Құрманғазының күйі.
5. Халық күйі.
6. Құрманғазының күйі.
7. Абайдың әні.
9. Құрманғазының күйі.

Қ. ҚАЙЫМОВ.
Ақсуат ауданы.

МЕТЕОРИТ

Аспаннан тастардың немесе кесек темірлердің жерге түскен кездері ерте замандардың өзінде-ақ белгілі болған.

«Аспан тастарын» ғылым тілінде метеорит деп атайды. Метеорит түскен кезінде ауада көз қаратпайтын өте қуатты сәуле құбылысы пайда болады: соңында құйрық тәріздес жалын қалып, от шардан жан-жаққа ұшқындар атылады. Бұл сәтте жер беті жап-жарық боп кетеді. Метеорит бірнеше секундтың ішінде жерге түсіп үлгіреді, бұл кезде ауада жарығы әлсіз, ирелендеген із ғана қалады. Метеорит жерге соғылғанда жарылу сыяқты қатты дүмпу естіледі. Үйлер мен жер беті жер сілкінгендегідей шайқалады, есіктер өзінен өзі ашылып, терезелер шатынап сынады, үй ішіндегі заттардың төңкеріліп түсетін кезі де болады. Күн күркірегендей қатты гүріл, шатыр-шұтыр дыбыстар естіледі.

Жоққа сенгіш халықтың табиғаттың осындай қаһарлы құбылыстарын көріп, ерте заманда үрейленуі таңқаларлық нәрсе емес.


Дін адамдары метеориттердің түсуін «бұл бір пәленің белгісі» немесе «адамдардың күнәсі» үшін жіберген «алланың қаһары» деп әрқыйлы түсіндіріп келген. Метеорит түскен жерге табынатын түрлі орындар салдырып, шіркеулер мол табысқа батқан, еңбекші халықтың санасын улай түскен.

Метеоритке табынушылық біздің заманымызда да кездеседі. Мұсылман дінінің орталығы Меккеде «қағба» деп аталатын метеорит тасына келіп, діншіл адамдар құдайға сыйынады. Тасты сүйіп түрлі ырымдар жасайды, сөйтіп әрқыйлы жұқпалы аурулардың таралуына себепші болады.

Метеориттер қайдан түседі? Олар қалай пайда болған? деген мәселелерге қазіргі заман ғылымы тырнақты жауап береді.

Метеорит жерге қарай секундына 13 — 70 километрге жететін аса зор шапшаңдықпен құлайды. Жерге жеткенге дейінгі метеориттер «метеорит денелер» деп аталады.

Метеорит денелер планеталар аралығындағы әлем кеңістігінде күнді айналып белгілі бір орбита-



лар бойында қозғалады. Бұл — күнді жердің айналуы тәрізді. Метеорит денелердің саны орасан көп. Олардың орбитасы Жердің орбитасын кесіп өтеді. Жер мен метеорит денелер орбиталар түйісетін нүктеден шықса, метеорит денелер жердің атмосфера қабатына келіп кіреді. Сөйтіп, метеорит денелер жерге түспейді, Жер Күнді айналып қозғалғанда онымен соқтығысады.

Метеориттер — күн системасы планеталарының бізге белгісіз себептермен бөлінген ұсақ бөліктері. Метеориттерді зерттеу олардың жер бетінде кездесетін кәдімгі химиялық элементтерден құралғандығын анықтады.

Ә. Гусманова.

КӨП АТТЫ ОКЕАН

1520 жылы 28 ноябрьде Магелланның кемесі теңізге сапар шекті.

«Біз үш ай жыйырма күн жүздік, — деп жазды сол кемедегі тарихшы Пигафетта — біз төрт мыңдай лиг сумен жүрдік. Бұл теңізді біздің «Тынық» деп атаған себебіміз, мұның бетінде біз сәл

болса да ешбір дауылға кездескен жоқпыз».

Жер жүзіндегі ең үлкен су бассейнінің «Тынық океан» деп аталу себебі осы еді.

Тынық океанның бұдан басқа да аттары бар. Магелланнан жеті жыл бұрын бұл океанды ашқан испанец Бальбоа оны «Оңтүстік океаны» деп атаған. Өйткені ол Панам мойнағы арқылы солтүстіктен оңтүстікке қарай жүзген.

1752 жылы Француз географы Бюаш өзінің картасына оны «Ұлы океан» деп жазған. Бұл — Тынық океанды жер жүзіндегі ең үлкен су бассейні деген ұғымнан туған.

Бір кезде орыс саяқатшылары бұл океанды «Шығыс океаны» деп атаған. Өйткені олар бұл океанның Азияның шығыс жағындағы жағалауымен жүрген.

Қазіргі карталарда бұл океанның екі аты жиі ұшырайды — «Тынық океан», «Ұлы океан».

СҮРЛЕНЕТІН ПІШЕНДІ ЖҪЙНАЙТЫН КОМБАЙН

Пішенді сүрлейтін жерге алдымен жүгерінің сабақтары, күнбағыстың және басқа өсімдіктер әкелінетін. Мұнда оларды пішен тұрайтын арнаулы машинамен ұсақтайтын. Бұдан кейін пішен сүрлейтін мұнараға не ұраларға салатын.

Совет конструкторлары сүрленетін пішенді жытын жаңа машина ойлап шығарды. Бұл машина далада сабақтарды қыйып жыйнайды, сол жерде тұрайды және туралған пішен машиналарға немесе көлікке тиеледі.

Бұл комбайн өсімдіктердің төрт метрге жететін ұзын сабақтарын да жыйнай алады.

Сүрленетін пішенді жыйнайтын комбайн күніне 250 тонна пішен дайындай алады. Сүрленетін пішен өте жоғарғы сапалы болады, өйткені өсімдіктің бойында өзінің қасиеті сақталады.

Мұқабаның бірінші бетінде «Мерекеге дайындық», екінші бетінде «Мерекеге арналған қабырға газеті». Суреттерін салған Н. Лебедев.


Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ерғалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұркатов А., Нұртазин М.


Республикалық газеттер баспасы

Техникалық редактор Н. Федоров.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер»

Подписано к печати 22/X 1955 г. У09723 Бум. 84 × 108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 19850 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР.





ЖУРНАЛЫНА

ЖАЗЫЛЫҢДАР!

„Пионер“ — Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журнал. Журналда балалар өмірінен жазған шығармалар: повестер, поэмалар, әңгімелер, өлеңдер, очерктер және мектеп, пионер өмірлері жөнінде материалдар басылып тұрады. Ол мұнымен қоса жас оқушыларын ғылымның, техниканың жаңалықтарымен таныстырып отырады.

Пионер мен оқушылар! „Пионер„ журналына жазылуға асығыңдар.

Жазылу бағасы:

12 айға 12 сом.

6 айға 6 сом.

Журналға „Союзпечатьтің“ барлық бөлімдерінде, байланыс орындарының бөлімшелері мен агенттерінде, кәсіпорындардағы, колхоздардағы, совхоздардағы, МТС-тердегі жазылу пункттерінде қабылданады.

Ұзақ мерзімге жазылу журналдың мезгілінде қолға тиюіне кепіл болады.

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

